Ushqyr oıla! Bıikke samǵa! Álemdi sharla!



@farabishakirti.kz
@farabishakirti.kz
@farabishakirti.kz

Farabı shákirti

№7
ШІЛДЕ
2026

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА, АРДАГЕРЛЕРГЕ, АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

**Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев,
Қазақстан Республикасының Президенті:**

«Таза Қазақстан» дегеніміз – қоршаған ортаны таза ұстау ғана емес, бұл – ой-сана тазалығы.

Сурет: ЖИ, жолдаған:АСҚАР Сезім, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Дербісек елді мекені, «№22 Елшібек батыр атындағы» ЖББМ түлегі.
Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен www.farabishakirti.kz желілік басылым сайтының Жас тілшісі



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанның Жаңа Конституциясының күшіне енуіне орай үндеуі

2026 жылғы 01 шілде

Құрметті отандастар!

Жаңа Конституциямыздың заңды күшіне енуі – бүкіл еліміз үшін айрықша маңызды оқиға. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

Бүгін тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа дәуірі басталады. Біз саяси-экономикалық реформалардың, ауқымды өзгерістердің және қарқынды дамудың даңғыл жолына түсеміз.

Осы ерекше күн еліміздің бүкіл саяси жүйесін, сондай-ақ мемлекеттің және азаматтық қоғамның негізгі институттарын түбегейлі жаңғырту кезеңі басталғанын аңғартады.

15 наурызда өткен жалпыұлттық референдумда Қазақстан халқы ел тағдырына тікелей ықпал ететін және мемлекеттің ондаған жылдарға арналған даму бағдарын айқындайтын таңдауын жасады. Миллиондаған отандасымыз берекелі бірлік танытып, шынайы отаншылдық пен жоғары жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетті. Бұл тарихи шешімнің төл шежіремізде алтын әріппен жазылатыны анық.

Бұдан былай Конституция күні «Наурызнама» онкүндігімен қатар аталып өтеді. Мұның символдық мәні зор. Конституция күні ел ішінде ғасырлар бойы орныққан көктемгі жаңару дәстүрлерін Ата заңның басты қағидаттарымен тоғыстырады, яғни азаматтарымыздың ырысты ынтымаққа, озық білімге, ел игілігі жолында адал еңбек етуге деген талпынысымен үндеседі.

Біз нағыз Халық Конституциясының мызғымас құқықтық негізіне арқа сүйеп, барлық мақсат-мұраттарымызға міндетті түрде жетеміз. Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік пен Өрлеу, Тазалық пен Табиғатты аялау сынды жасампаздық құндылықтарын қоғамда берік орнықтырамыз. Бұған еш күмәнім жоқ.

Біз бірлігі бекем, біртұтас ұлт ретінде әлемдік өркениеттің шыңын бағындырып, баршаға бірдей мүмкіндік беретін және барлық азаматтың жан-жақты дамуына жол ашатын мемлекетті – Әділетті Қазақстанды құрамыз!

Қастерлі Отанымызды көркейту жолындағы жоспарларымызды ойдағыдай орындаймыз. Мен бұған кәміл сенемін!

Қазақстан Республикасы жасай берсін!

Халқымыз мәңгі жасасын!

Сурет:ашық дереккөзінен алынды.

Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал

Farabi shákirti

№7 (83) шілде, 2026 жыл

Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап, айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)

Шығарушы және меншік иесі
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**
Тамила ИБРАГИМОВА
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы, Ұзынағаш, Тәуелсіздек, 81.
Тел.: + 7 701 730 9312
E-mail: farabi_shakirti@mail.ru
ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы КУӘЛІК № KZ28VPY00092839 Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:
17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың цифрлық нұсқасы «Farabi shákirti» редакциясында қапталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

«Туған жердің табиғатын сүйемін!»

Тәкен Әлімқұлов
ТАБИҒАТ ЖҰЛДЫЗДАРДАН ШАШУ ШАШЫП

Табиғат жұлдыздардан шашу шашып,
Шалғайдан Айды қойған көлеңдетіп.
Киініп жасыл киім болған ғашық
Жер шары өзендермен өлеңдетіп.
Жиналған бикештердей бастаңғыға,
Үркерлер ым қаққанда Ай – жеңгесіне;
Айдың тарғыл балғасын жастанды да,
Барып қонды ракета кеудесіне.
Барып қонды ракета кеудесіне,
Аңыз болған Айдың сол сырын тыңдап.
Түседі музыкадай кейде есіме
Сорғалап ызыңдаған сол бір жұмбақ.

Қадыр Мырза Әли
«КӨК ӨРІС»

Бояуы мол табиғат
Бар өнерін төккен кеп.
Көрген көзге, ақиқат,
Көкпеңбек-ау, көкпеңбек!
Шалғыны тұр желкілдеп,
Шіркін мұндай көк қайда!
Балапанның үлпілдек
Бауырындай мап-майда.
Басын желге ырғайды
Балаусасы балбырап,
Басуға адам қимайды,
Жайылады мал бірақ...

Асанова Ботагоз Беймендиновна
ТАБИҒАТ

Алтын бесік табиғатты сүйемін,
Оның ыстық отына да күйемін.
Қырлы-сырлы бояуына көз тастап,
Жер-Ананы қастерлеумен өтемін.
Асқар таулы жерұйығын сүйемін,
Өзен-көлін,белестерін сүйемін.
Балалық шақ, елес болып өткізген
Туған жердің табиғатын сүйемін!

Мұқағали Мақатаев
ӘЙ, ТАБИҒАТ!

Шеберсің-ау, шеберсің.
Көрмегенді көрсетерсің, берерсің.
Ұлан-ғайыр байлығыңды місе етпей,
Ашкөзденген адамдарға не дерсің?!

Айың анау, Күнің мынау, Жер міне,
Ау, адамдар!
Жетпей жатыр енді не?!
Табиғатқа таласпаңдар, ағайын,
Асырайды ол сені, мені, елді де.

Садықбек Хангелдин
ТАБИҒАТ

Табиғат,
Тіршіліксің тұнып тұрған,
Сен – Күнсің көтерілген күліп қырдан.
Сен – Көлсің,
Сен – Ормансың.
Сен – Бұлбұлсың,
Адамды сұлулыққа құнықтырған*.

Сен – Жарықсың,
Сен – Жерсің,
Сен – Гүлсің,
Сен – Адамсың,
Сен – Ауасың,
Сен – Анамсың –
Бәрі Сен – менің өмірім сен сыйлаған,
Туған жерім – Отаным – Қазақстан.

Дереккөздері:
https://vk.com/; https://bilim-all.kz/



Астана күні – ел бірлігі мен болашаққа бастар мереке

Жыл сайын 6 шілдеде Қазақстанда Астана күні, яғни Елорда күні аталып өтеді. Бұл күн – еліміздің мемлекеттік мерекелерінің бірі әрі ресми демалыс күні. Астана күні тек қаланың туған күні ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның тәуелсіздігі, дамуы және болашаққа деген ұмтылысын білдіретін маңызды мереке болып саналады.

Астананың тарихы тереңде жатыр. Қазіргі елорда орналасқан өңірде XIX ғасырдың басында Ақмола бекінісі салынған болатын. Кейін бұл жер қалаға айналып, әр кезеңде Ақмола, Целиноград, қайтадан Ақмола атауларымен белгілі болды. 1997 жылы Қазақстан Республикасының астанасы Алматы қаласынан Ақмолаға көшірілді. Бұл ел тарихындағы маңызды стратегиялық шешімдердің бірі еді. Ал 1998 жылы қалаға «Астана» атауы беріліп, жаңа елорданың халықаралық деңгейде дамуына кең жол ашылды

Бүгінде Астана – тәуелсіз Қазақстанның саяси, әкімшілік, экономикалық және мәдени орталығы. Мұнда еліміздің негізгі мемлекеттік мекемелері, Парламент, Үкімет, министрліктер мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктері орналасқан. Сонымен қатар қала ғылым мен білімнің де маңызды орталығына айналды. Мұнда көптеген жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу мекемелері және халықаралық деңгейдегі білім беру орталықтары жұмыс істейді.

Астананың сәулеттік келбеті ерекше. Қалада заманауи стильде салынған көптеген көрікті нысандар бар. Солардың қатарында «Бәйтерек» монументі, «Хан Шатыр» ойын-сауық орталығы, «Ақорда» резиденциясы, Бейбітшілік және келісім сарайы, «Нұр Әлем» павильоны, «Әзірет Сұлтан» мешіті және басқа да сәулет туындылары ерекше орын алады. Бұл ғимараттар елорданың символына айналып, жыл сайын мыңдаған туристерді қызықтырады.



Астана күні мерекесінде қала ерекше сәнге бөленеді. Көшелер мен алаңдар мерекелік безендіріліп, тұрғындар мен қонақтар үшін түрлі мәдени іс-шаралар өткізіледі. Ашық аспан астында концерттер ұйымдастырылып, өнер шеберлері өз өнерлерін көрсетеді. Сонымен қатар ұлттық ойындар, қолөнер көрмелері, балаларға арналған ойын-сауық бағдарламалары және спорттық жарыстар өтеді. Кешкі уақытта әсем отшашулар ұйымдастырылып, мерекенің сәнін келтіреді. Мұндай іс-шаралар халықтың бірлігін нығайтып, туған елге деген сүйіспеншілікті арттыра түседі.

Астана – халықаралық деңгейдегі маңызды іс-шаралар өтетін қала. Мұнда әлемдік және өңірлік форумдар, саммиттер, халықаралық көрмелер мен мәдени фестивальдер жиі ұйымдастырылады. Бұл Қазақстанның халықаралық беделін арттырып, еліміздің бейбітшілік пен ынтымақтастықты қолдайтын мемлекет екенін көрсетеді. Әлемнің көптеген елдерінің басшылары мен шетелдік қонақтары Астанаға келіп, оның қарқынды дамуына жоғары баға береді.

Елорда күні – әрбір қазақстандық үшін ерекше маңызы бар мереке. Бұл күн өткенімізді еске алып қана қоймай, болашаққа деген сенімімізді нығайтады. Астана – тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерінің жарқын көрінісі, халқымыздың еңбегі мен бірлігінің нәтижесі. Қаланың күн сайын көркейіп, дамуы еліміздің өсіп-өркендеуінің айқын дәлелі болып табылады.

Қорытындылай келе, Астана күні – ел тарихындағы маңызды мерекелердің бірі. Ол халқымыздың ынтымағын, тәуелсіздігіміздің құндылығын және мемлекетіміздің тұрақты дамуға деген ұмтылысын бейнелейді. Жыл сайын 6 шілдеде аталып өтетін бұл мереке барша қазақстандықтарды ортақ мақсатқа біріктіріп, туған елге деген мақтаныш сезімін арттырады. Астана – тек еліміздің астанасы ғана емес, ол – Қазақстанның жарқын болашағының, жаңашылдықтың және ұлттық рухтың символы.

БЕЙІЛХАН Перизат,
«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Степной ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ - нің түлегі.
Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен www.farabishakirti.kz желілік басылым сайтының Жас тілшісі

Сурет: ЖИ, жолдаған автор





Тәуелсіздік – ең қымбат құндылық

Сурет: ЖИ, жолдаған автор

Тәуелсіздік – бұл жай ғана саяси мәртебе немесе картадағы шекара емес. Бұл – халықтың өз тағдырын өзі айқындау, ана тілінде сөйлеу, рухын сақтау және болашағын өз қолымен құру құқығы. Менің ойымша, тәуелсіздік – кез келген ұлт үшін ең қымбат құндылық, өйткені онсыз өзге игіліктердің бәрі – білім, байлық, мәдениет – тұрақты әрі толыққанды бола алмайды.

Тарихқа көз жүгіртсек, тәуелсіздіктің қаншалықты қиын жолмен келгенін аңғарамыз. Қазақ халқы ғасырлар бойы азаттық үшін күресіп, сан рет жойылу шегіне жетіп, қайта түледі. Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі «Ақтабан шұбырынды» оқиғасы, патшалық Ресейдің отарлау саясаты, кеңестік дәуірдегі саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық – бәрі де ұлттың табандылығы мен тәуелсіздікке деген ұмтылысын сынаған сындарлы кезеңдер еді. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі – қазақ жастарының еркіндік рухының айқын көрінісі. Осы оқиғалар тәуелсіздіктің бізге оңайлықпен келмегенін, оның құны қанмен, термен және сан ұрпақтың арманымен өлшенетінін дәлелдейді.

Тәуелсіздік – рухани және мәдени дамудың негізі. Өз тілің мен діліңді сақтау, өткеніңді зерттеу, ұлттық болмысыңды ұрпаққа жеткізу – тек азат елде ғана толыққанды жүзеге асады. Мемлекетіміз егемендік алғаннан кейін қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілді, тарихи есімдер қайта оралды, ұлттық салт-дәстүрлеріміз жаңғырды. Мысалы, Наурыз мейрамының қайта тойлана бастауы – рухани тәуелсіздіктің бір символы. Егер ел тәуелді болса, оның мәдениеті бірте-бірте жойылып, ұрпағы өз тамырынан ажырап, мәңгүртке айналады.

Сонымен қатар, тәуелсіздік – азаматтардың әл-ауқаты мен болашаққа деген сенімінің кепілі. Егемен ел ғана өз жер қойнауындағы байлықты халқының игілігіне жаратып, білім мен ғылымды ұлттық мүддеге сай дамыта алады. Бүгінде қазақстандық жастар әлемнің үздік университеттерінде «Болашақ» бағдарламасы арқылы білім алып, Отанына қызмет етуде. Бұл – тәуелсіз мемлекеттің өз азаматтарына сеніп, олардың әлеуетін дамытуға жасаған мүмкіндігі.

Әрине, тәуелсіздік – тек құқық қана емес, үлкен жауапкершілік. Оны күнделікті еңбекпен, біліммен және бірлікпен нығайту – әрбір азаматтың міндеті. Елдің тұрақтылығы мен қауіпсіздігі әрқайсымыздың саналы таңдауымызға байланысты.

Қорыта айтқанда, тәуелсіздік – халықтың жаны мен ары, еңсесін тіктеген берік тірегі. Өткен тарихымыз азаттықтың қадірін ұмытпауға үйретсе, бүгінгі жетістіктеріміз соның арқасында мүмкін болды. Сондықтан тәуелсіздік – әрбір ұрпақ саналы түрде қорғап, қастерлейтін ең қымбат құндылық.



АМАНОВА Қазына,
Шымкент қаласы,
«132 ЖОББМ» түлегі.
Республикалық
«Farabi shakirti» журналы
мен www.farabishakirti.kz желілік басылым
сайтының Жас тілшісі

Торғайдың «Сахарасы»

Қазақстанның кең-байтақ даласы табиғи алуан түрлілігімен және тарихи қабаттарының тереңдігімен ерекшеленеді. Көз үйренген туристік бағыттар көбіне Бурабайдың орманды көлдерімен, Алтайдың таулы бедерімен немесе Каспий жағалауының кең көкжиегімен байланыстырылады. Дегенмен, осы кеңістіктің дәл орталық бөлігінде, Торғай ойысының аясында табиғаты өзгеше бір құбылыс бар. Ол – Құмкешу құмы.

Құмкешу қазіргі әкімшілік бөлініс бойынша Қостанай облысы, Амангелді ауданы аумағында орналасқан. Бұл өңір Торғай үстіртінің географиялық ерекшеліктерімен астасып жатыр. Дала мен шөлейттің аралық сипатындағы кеңістікте кенеттен пайда болатын құмды алқап жер бедерінің табиғи әркелкілігін көрсетеді. Мұнда жусанды, селеулі жазықтармен қатар құм төбелерінің шоғырлануы геоморфологиялық тұрғыдан ерекше құбылыс ретінде қарастырылады.

Құмкешудің қалыптасуы жөнінде нақты бір ғана түсіндірме жоқ. Геологиялық деректер мұндай құм массивтерінің ежелгі өзен арналарының өзгеруімен, жел эрозиясымен және ұзақ уақыт бойы жиналған шөгінділердің қайта таралуымен байланысты болуы мүмкін екенін көрсетеді. Уақыт өте келе желдің әсері әлсіз өсімдік жамылғысы бар аумақтардағы құмды бір жерге шоғырландырып, қазіргі ландшафтты қалыптастырған.

Құмкешудің ерекшелігі – оның айналасындағы табиғи ортамен айқын контрастында. Бір жағында далаға тән өсімдіктер дүниесі болса, екінші жағында үнемі қозғалыста болатын құм төбелері кездеседі. Жел әсерінен құм бедері өзгеріп отыратындықтан, бұл аумақ бір тұрақты формада сақталмайды.

Торғай өңірі тек табиғатымен ғана емес, тарихи маңызымен де ерекшеленеді. Бұл өлке қазақ тарихындағы ұлт-азаттық қозғалыстардың маңызды кезеңдерімен байланысты. Амангелді Иманов бастаған көтеріліс оқиғалары, Кейкі батырдың ерлігі мен тағдыры осы кеңістікте өткен. Сол себепті Құмкешуге баратын жолдың өзі тарихи жадымен тығыз байланысып жатады.

Жол бойында және жақын маңда бірқатар тарихи-мәдени нысандар кездеседі. Солардың ішінде ең белгілілерінің бірі – Кейкі батырдың кесенесі. Бұл кесене тек архитектуралық белгі, XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың бір тармағын еске салатын орын ретінде қабылданады. Сонымен қатар, Амангелді ауданы аумағында Амангелді Имановқа қатысты ескерткіштер мен тарихи орындар, Торғай өңіріндегі ескі қоныстар мен киелі саналатын мекендер де бар. Бұл нысандар бір-бірімен жалғасқан тарихи маршруттың бөліктері іспетті әсер қалдырады.

Осы тұрғыдан алғанда, Құмкешуге сапар тек табиғи ландшафтты көрумен шектелмейді. Жол бойындағы тарихи нүктелер саяхаттың мазмұнын кеңейтіп, дала өркениетінің тарихи қабаттарын сезінуге мүмкіндік береді. Кеңістік тек география, сонымен бірге тарихи жады сақталған орта ретінде көрінеді.

Климаттық тұрғыдан Торғай өңірі қатаң континенттік белдеуге жатады. Жазы ыстық әрі құрғақ, қысы суық. Осындай жағдайлар табиғи ландшафттың ашық күйінде сақталуына ықпал етеді. Құмды алқаптар да осы табиғи тепе-теңдіктің бір бөлігі ретінде өмір сүреді.

Құмкешу қазіргі уақытта толық дамыған туристік орталық емес. Мұнда инфрақұрылым шектеулі, жол және қызмет көрсету жүйелері дамудың бастапқы кезеңінде ғана. Соған қарамастан, табиғи күйін сақтауы оның басты ерекшеліктерінің бірі болып отыр.

Туристік тұрғыдан алғанда, бұл аймақтың әлеуеті бар. Табиғи құм ландшафты, ашық кеңістік және тарихи маршруттардың қатар келуі оны кешенді туризм бағыттарының бір бөлігіне айналдыруға мүмкіндік береді. Әсіресе табиғат пен тарихты бірге қарастыратын саяхат түрлері үшін бұл өңірдің мүмкіндігі жоғары.

Автор: Жауынбай Жылқыбайұлы,
https://e-history.kz/





Аризона университетімен бірлескен қос диплом бағдарламалары бойынша Қазақстанда алғашқы түлектер оқуын аяқтады

Петропавл қаласында Kozybayev University мен Аризона университетінің бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша білім алған алғашқы түлектерге бірден екі диплом – қазақстандық және американдық жоғары оқу орындарының дипломдары табысталды. Салтанатты рәсім жоғары білім саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытудағы маңызды кезең болды.

Жоғары білім туралы дипломдар, сондай-ақ оқу озаттары мен университеттің қоғамдық өміріне белсенді қатысқан студенттерге алғыс хаттарды ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов, АҚШ-тың Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Джули Стафф және Аризона университетінің президенті Суреш Гаримелла табыс етті.

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті мен Аризона университеті арасындағы серіктестік Қазақстандағы жоғары білімді интернационалдандырудың ең табысты үлгілерінің біріне айналды. Жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жетекші шетелдік университеттерді елге тарту және отандық жоғары білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі бастамасы аясында жүзеге асырылып келеді.

«Алғашқы шетелдік жоғары оқу орны ретінде Қазақстанда ашылған Аризона университетінің тұңғыш түлектеріне бүгін диплом табыстап жатырмыз. Бұл университет 2022 жылы Мемлекет басшысының бастамасын алғашқылардың бірі болып қолдап, Қазақстанда өз филиалын ашқан еді. Бүгінде бұл шешімнің толықтай өзін ақтағанын сеніммен айта аламыз. Аризона университеті Петропавлда алғаш рет микрокампус ашқан шетелдік университет қана емес. Ол академиялық сапаға, өзара сенімге және болашақ мамандарды даярлаудағы ортақ жауапкершілікке негізделген халықаралық жоғары білім берудің жаңа моделінің бастамашысына айналды», – деді Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек. Аризона университетінің президенті Суреш Гаримелла екі университет арасындағы серіктестік екі елдің білім беру дәстүрлері мен академиялық әлеуетін табысты ұштастырған жарқын үлгі болғанын атап өтті.

«Төрт жыл бұрын Аризона университеті мен Kozybayev University елдерімізді жақындастыратын, тілдік кедергілерді еңсеретін және әртүрлі білім беру дәстүрлерін тоғыстыратын жобаны жүзеге асыру үшін күш біріктіру туралы шешім қабылдады. Біздің серіктестігіміздің тарихы 2022 жылы қос диплом бағдарламасының іске қосылуынан басталды. Ол кезде бағдарламаға небәрі 43 студент қабылданған болатын. Қазір бұл бағдарлама бойынша 368 студент білім алып жатыр. Ал бүгін алғашқы түлектер оқуын аяқтап жатыр. Кезінде бұл жастар қалыптасқан шеңберден шығуға батылдық пен көрегендік танытқан университетке сенім артты. Бүгінде біздің түлектеріміз жаһандық әлемде көшбасшы болуға толық дайын», – деді Суреш Гаримелла.

Қазіргі таңда бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша 1 200-ден астам студент білім алып жатыр, оның ішінде 359 студент – қос диплом бағдарламаларының білім алушылары. Университеттер 6 қос диплом бағдарламасы мен 12 халықаралық білім беру бағдарламасын жүзеге асырады. Сонымен қатар геномика, агротехнологиялар, су ресурстары және күкіртті полимерлеу бағыттары бойынша бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізіп келеді.

Қос диплом бағдарламалары бойынша алғашқы түлектердің оқуын аяқтауы Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан халықаралық академиялық ынтымақтастық моделінің тиімділігін айқын дәлелдейді. Бұл тәжірибе әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға жаңа мүмкіндіктер ашады.

Ғылым және Жоғары білім министрлігінің ресми сайтынан алынды.

АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАРДЫҢ ЕҢБЕГІНЕ ҚАРЫЗДАРМЫН!!!



Суретте: Жансұлу Ақылбаева, Есеева Гүлназ және автор



Ақ халатты абзал жандар қатарында қиындықта жалғыз қалдырмай, шипа іздеген әрбір жанның жүрегіне жол табатын Түркістан олысы, Түлкібас аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері Жанат Есенғалиқызы бастаған әрбір дәрігер – уақытпен санаспайтын нағыз қаһармандар дер едім.

Сондықтан әрбір жетістігім мен әрбір қадамымда олардың еңбегінің ізі сайрап жатыр. Ақ халатты жандардың адамзат алдындағы еңбегі ешқашан өлшенбейді, өйткені олар адам денсаулығы мен жанын сақтайды. Барша мені танитын дәрігерлерге алғысым шексіз!

(Көңіл күнделігінен)

АҢСАР
Авторы. Ситора Ахрор
Аудармамды эпилептолог дәрігер
Диханбаева Гүлмира Амангелдіқызына арнаймын!



*Дертке шипа іздейді адам,
Айлар, жылдар, күн құрғатпай.
Әр есікті бір қағар адам,
Дертінің шипасын таба алмай.
*Дертке шипа табылғанша,
Шын шипагер жолыққанша,
Ем іздейді тағат таппай,
Отты кеуде зорыққанша.
*Ем іздейді дерті барлар,
Сол үшін жер, елді шарлар.
Дарияны кешіп те өтер:
«Деп Тәңірім, өзің оңғар!»
*Шипа қонса әп-сәтте,
Көрген күнің елес болар.
Шын шипагер кездескенде,
Бір арманың орындалар.

АДЫМДАРЫМ ҮШІН ҚАРЫЗДАРМЫН!



«Жақсы дәрігер – сенім падишаһы» Р.Гамзатов

Аббасов Мұстафа – өзінің саналы ғұмырын жүйке ауруларын емдеуге арнаған жан. Түлкібас аудандық емханада отыз жылдан астам уақыт қызмет атқарып келеді.


Жақсы дәрігер – туғаның, Жақсымен көресің өмір думанын. Бұл – күнделігімдегі алғашқы жазбам. Менің дәрігерім-әкем сияқты. Бағыма тілекші. Жанымның жарасын жанарымнан оқып, көңілімнің алаң хәлін жүзіме қарап ұғады. Адамдық әліппесін әрекетімен түйсінтіп, әр кездескен шағымда үмітіме күміс қоңырау тағады. Жалғанда дертті жанның үмітіне қорған болғаннан асқан бақ жоқ. Ал, сол үмітті кім қорғамақ?! Үміт үнемі бапталар бақша гүлдерінен аумайды емес пе?! Олай болса, үміт гүлдерін бір сәт болсын қараусыз қалдыруға болмайды ғой! Бұл деген-мехнаты мол жұмыс. Оған екінің бірі шыдамдылық таныта алмасы бесенеден белгілі.

Сондықтан, жомарт көңіл жандар ғана дәрігер болмақ. Солар ғана дертті жанның үмітіне қорған болмақ. Менің дәрігерім – жомарт жүрек пен арда ақылдың иесі. Жайма шуақ жаздай жылы шырайынан-ақ дертіңе шипа табасың! Жалғанда адам баласының басты бақыты-алшаң басып жер ананың төсінде еркін жүре алуы. Мен бұл бақытқа кеш жеткен жандардың бірімін. Менің әрбір қадамым – тәңірден толассыз тілеген тілек пен дұғалардың нәтижесі, әрі мендік сәби жүрекке сенім отын ата-анам мен бір жаққан дәрігерімнің еселі еңбегінің жемісі. Өзгенің жігерін жану үшін – өмірді терең тану керек. Менің дәрігерім – өмірді Жүніс Емредей таныған жан. Кісілігі – күн көзіндей жүрек жылытып, адамдығы – адалдықтың алтын тағын еске салады.

Тәубе! Әрбір адымым үшін әлі де күресемін. Сенім оты көкейімде лаулап тұр. Сіздей абзал жанмен жолықтырған тағдырыма мәңгілік разымын, дәрігер!

ЖҮРЕК
Авторы: Усман Насыр
Аудармамды кардиолог дәрігер
Даупбаева Мария Рахимбековнаға арнаймын!

Жүрек кейде ауырады,
Түскен соң өмір салмағы.
Шайналған соң талай жерде,
Ойланбастан бармағы.
Жүрек кейде жасиды:
Бәріне де сенгені үшін,
Бәрін бірдей көргені үшін.
Аз дүниесін бөліп беріп,
Таяқты өзі жегені үшін!



Жүрек өзі емделеді –
Жақсылардың дидарымен,
Арман-үміт күй-сазымен,
Адалдардың сыйларымен.
Көктем сайын жаңаратын,
Күн -Ананың нұрларымен.
Өмір өзі үйретеді:
Адамға адам боп құшақ ашуды,
Арамнан ұзақ, тым ұзақ қашуды.
Өмір өзі азайтпайды, біле білсең,
Сынақтан соң қуанышты шашуды.

НАЙЗАҒАЙ БОЛМЫС
Авторы: Зейнет Караман
Аудармамды Шымкент қалалық №1 клиникалық ауруханаңың невропатологы Байрамов Зауыр Элбайоғлына арнаймын



«Мың кісінің алғысын бір сәтте алатын
әлемдегі жалғыз адам –дәрігер ғана».
С. Демирел

Дәрігер – бұлт ішінде ойнаған найзағай тәрізді. Найзағайсыз аспан көгі тазармайды, адамның да көңілі де солай. Жанға дәру болар бір ауыз сөз бен жылы шырай танытуы арқылы дәрігер көңіл көкжиегін жұпар ауа боп тазартады. Өмірге ғашық жандарды бұлтты жарған найзағайдай ақ жауынға бастап, көгіршін көңілді жайма шуақ күнге жетелейді.

Жайдары күнге жету – жер бетіндегі барша адамның ғазал арманы. Ғазал армандарды мәпелеу – ақ халат киген жандардың үлесіне тиген тірлік. Жаны дертті жанды жайдары күнге жетелеу — науқасты ауыр ой құшағынан аршып алудан басталмақ… Дертті жанның жан көгін жарқыратуға, арман асқарын аласартпауға тырысу, адам бойындағы үміт шынарын құлатпауға барын салудың өзі аласапыран дүние де оңай ма? әрине оңай емес. Дәрігердің барлығы осындай ауыр жүкті арқалайды. Жүрегіндегі арда арманы үшін талмайды. Адамға пайдам тисе деген ойдың өзінен рахат табады.

Қанатымен су сепкен қарлығаштай талайлардың жан дертін азайтып, қара түнде тәтті ұйқының құшағына енсе деген ниетпен өмір сүреді.

P.S. Ақ халатты абзал жандардың маңдай теріне, жылы лебізіне қарыздармын! Дәрігер – адам өміріне араша түсетін, үміттің шырағын өлгенше өшірмейтін асыл жан. Оның білімі мен тәжірибесі ғана емес, адамға деген мейірімі мен жанашырлығы талай науқас көңілін жадыратып, өмірін ұзартады. Науқастың көңіліне сенім ұялатып, алға ұмтылуға күш сыйлау – дәрігердің мейірбан болмысының бір қыры. Мен өз өмір жолымда осындай абзал жандарды жолықтырдым.

Отыз екі жыл бойы емдеп келе жатқан дәрігерім – Аббасов Мұстафа. Сал ауруына көнуді, өмірді сүюді, адамға деген құрметті үйретті.

Гульназ Есеева апайдың да алдына талай ауырып барып, адами қолдауын көп көрдім. 2018 жылы талмам 8 рет ұстап қиналған кезде бір аптаның ішінде ээг мен мрт-ға түсуге жәрдемдесті. Бұндай оқиғалар өте көп. Адамға сөз жәрдемін аямайды.

Заур Байрамов – өз ағамдай жақын. Ауыра қалсам, қазір осы кісіге жүгінем. Жаны жомарт. Адал. Дос бола біледі. Тыңдай біледі.

Жансулу Акылбаева – ревматологиялық ауруларды жақсы емдей алатын дәрігер. Білген-түйгенін әркез ауылдық Воп дәрігерлеріне түсіндіріп, науқастың жан ауруын жеңілдетуге барын салатын жан. 2020 жылы Праймериз жобасына қатыстық. Ойластық. Пікірлестік.



Ниязалиева Шолпан бастаған Жаскешулік дәрігерлер қауымы «Бақ – ықылас, ниет-жүрек» деген халық даналығын жетік білетін білікті мамандар.

Расул Гамзатов: «Хирург – пышақпен дертті жойып, сөзбен сол жараны жазады» дегендей – ақ, Мақсат Көппай сынды өз ісінің маманы өмірімді барынша жеңілдетіп келеді.

Сондықтан әрбір жетістігім мен әрбір қадамымда олардың еңбегінің ізі сайрап жатыр. Ақ халатты жандардың адамзат алдындағы еңбегі ешқашан өлшенбейді, өйткені олар адам денсаулығы мен жанын сақтайды. Барша мені танитын дәрігерлерге алғысым шексіз! Баршаңыздың дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін!

ТОПАНБАЙ Мейірхан Мейрамбекұлы,
Республикалық «Шарапат» шығармашыл жастар байқауының бас жүлде иегері

«ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ – ҰЛТ РУХЫНЫҢ ҮНІ»

«ДОМБЫРА»

Тұманбай Молдағалиев
Домбыра ғана біліпті,
Қазақтың барлық қайғысын.
Кімің бар одан сүйікті –
Шаппай бер оның бәйгісін.

Қайтпаған шерін батырдың,
Домбыра ғана қайтарды.
Айтпаған жырын ақынның,
Домбыра ғана айта алды.

Атадан қалған сол мұра,
Ұрпаққа бізді жалғай ма?
Әркімнің жаны домбыра,
Тек тарта білер қол қайда?!

ДОМБЫРА

Ілияс Есенберлин
Бұл домбыра тоғыз перне тағылған,
Естіген жан үнін аңсап сағынған.
Тарта білсең дұрыс қойып,
дұрыс қойып тиегін,
Кеңітеді көңілдің көк,
Көңілдің көк жиегін.
Бұл домбыра талай ғасыр жыр еткен,–
Махаббатты шыққан ыстық жүректен.
Жан сезімін аялатқан,
Аялатқан, тербеген
Кейде шаттық, кейде қайғы,
Кейде қайғы-шерменен.
Бұл домбыра тапқан ақын жүрегін,
Тартқан жарға айтам деген тілегін.
Үні тәтті күлкісіндей,
Күлкісіндей қалқаның
Сол себептен домбырамды тартамын.

https://bilim-all.kz/

Домбыра – қазақтың жанын, тарихын, қуанышы мен мұңын бір арнаға тоғыстырған киелі үн. Қос ішектен төгілген күйде даланың тынысы мен елдің тағдыры қатар сөйлейді. Шілде айының алғашқы жексенбісінде аталып өтетін Ұлттық домбыра күні – жай мереке емес, ұлттық болмысты ұлықтайтын тағылымды күн.

Домбыраның үні қазақтың тарихын сөзсіз сөйлетеді. Бір күйдің өзінен тұтас дәуірдің ізі, бір әуеннен даланың кеңдігі мен адамның ішкі әлемі сезіледі. Мысалы, Құрманғазының «Сарыарқа» күйін тыңдағанда кең далаға деген сағыныш, еркіндікке ұмтылған рух, халықтың қуаты айқын сезіледі. Күй өнері арқылы ата-бабамыз ұрпаққа өнеге, өмірге көзқарас, елдік сана қалдырды. Осы себепті домбыра ұлттық мәдениеттің ғана емес, рухани сабақтастықтың да символына айналды.

Қазақ күй өнерін биікке көтерген Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Дина, Қазанғап сияқты тұлғалардың мұрасы бүгінге дейін құнын жоғалтқан жоқ. Олардың шығармаларында табиғаттың сұлулығы, халықтың арман-аңсары, азаттыққа ұмтылған жүректің лүпілі анық сезіледі. Бұл күйлер тек тыңдаушыны тәнті етіп қоймай, ұлттық өнердің тереңдігін танытады.

Қазір Ұлттық домбыра күні еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі мәдени шаралармен аталып өтеді. Күй тартыстар, концерттер, көрмелер мен шеберлік сабақтары арқылы жас буын дәстүрлі өнерге жақындай түседі. Бір мезетте домбыра үніне қосылған жұрттың ықыласы бұл аспаптың халықты біріктіретін күш екенін дәлелдейді.

Бүгінгі ұрпақ үшін домбыра үйрену – өткенді қайталау емес, тамырмен қайта табысу. Ұлттық құндылықты қадірлеу тілден, өнерден, тарихтан басталады. Домбыраның қоңыр үні үзілмей, әр үйде, әр жүректе жаңғырып тұрса, ұлт рухы да биіктей береді.

Ұлттық домбыра күні – қазақты бір шаңырақ астына ұйыстыратын, өткеннің аманатын бүгінге, бүгіннің үмітін ертеңге жалғайтын қасиетті күн. Домбыраның қос ішегінен төгілген әр күй – бірлікке шақырған үн, елдікке бастар жол, жас жүрекке жолданған аманат. Сондықтан домбыраның қоңыр үні ешқашан өшпесін: ол әр қазақтың жүрегінде жаңғырып, жас ұрпақты тамырына табыстырып, ұлт рухын мәңгі биіктете берсін.



Аяулым БҰХАРБАЙ
Астана қаласы,
М.Әуезов атындағы
№86 мектеп-гимназиясының
түлегі.
Республикалық
«Farabi shakirti» журналы
мен www.farabishakirti.kz
желілік басылым
сайтының Жас тілшісі



ЖАһАНДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Сурет: ЖИ, жолдаған автор

Қазақстан көпұлтты мемлекет. Біздің күшіміз – бірлігімізде. «Ынтымақ бар жерде ырыс бар». Қазақтың дәстүрін сақтай отырып, басқа ұлттардың мәдениетін құрметтеу – нағыз мәдениеттілік. Бұл – «мәдениеттер диалогы» деген үлкен саясат. Мәдениеттер диалогы – әртүрлі ұлттар мен өркениеттердің өзара әрекеттесуі, тәжірибе алмасуы және бір-бірін байыту процесі. Бұл ұғым әртүрлі дәстүрлер мен көзқарастарды құрметтеу арқылы бейбітшілік пен келісімді сақтаудың негізі болып табылады. (ЖИ шолуынан, ашық дереккөзі).

Кіріспе

Бүгінгі әлем – ашық әлем. Шекаралар шарықтап, мәдениеттер тоғысып, ақпарат ағыны тоқтамайды. Мұны «жаһандану» дейміз. Жаһандану бір жағынан даму, екінші жағынан сынақ. Өйткені әлем бірігіп жатқанда, әр ұлт «Мен кіммін? Менің ерекшелігім не?» деген сұраққа жауап іздейді. Ұлы Шоқан Уәлиханов «Басқа жұртқа еліктеген ел өзінің қасиетінен айырылады» деген екен. Бұл сөз жаһандану дәуіріндегі бізге айтылған өсиет сияқты.

Жаһанданудың пайдасы мен қатері. Жаһандану адамзатты жақындастырды. Біз бүгін Нью-Йорктегі жаңалықты, Токиодағы технологияны, Париж сән үлгісін бір күнде білеміз. Сауда дамыды, білім кеңейді, халықтар достығы артты. «Дүние дөңгелек» деген сөздің мәні осыдан шыққан.

Бірақ қатері де осында. Жаһанданумен бірге «масс мәдениет» келеді. Бәрі бірдей киінеді, бірдей музыка тыңдайды, бірдей сөйлейді. Ұлттық тіл, ұлттық киім, ұлттық салт біртіндеп ығысып қалады. «Өзгенікі алтын болса да, өзіндікі – мыс» демекші, жат мәдениетті көшіріп әкелгеннен гөрі, өз қазынамызды сақтау әлдеқайда қиын. Тіл – ұлттың жаны. Тіл жоғалса, ұлт жоғалады. Сондықтан «Тіл – тарихтың айнасы» дегенді ұмытпауымыз керек.

Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Қазақ үшін ұлттық құндылық – бұл тек киіз үй мен домбырамен бірге – «қонақжайлық», «ағайынға жанашырлық», «үлкенді сыйлау», « туған жер мен халқына адалдық», «шежірені білу». «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген сөз бекер айтылмаған. Шежіре – ұлттың жады. Ата-ананы сыйлау, туған жерді қадірлеу, «бірлігі жарасқан ел» болу – бәрі құндылық.

Бүгінгі жастар шет тілін білуі керек, заман ағымына ілесуі керек. Бұл дұрыс. «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» дейді. Бірақ шет тілін үйреніп жүріп, ана тілін ұмыту – үлкен қате. Екі тілді білу – екі қанат, ал ана тілін ұмыту – қанатыңды өзің қиюмен тең.

Ғылыми көзқарас. ЮНЕСКО-ның мәліметінше, әр екі апта сайын әлемде бір тіл жоғалып жатыр. Тілмен бірге сол ұлттың ойлау жүйесі, мақал-мәтелі, ән-күйі де кетеді. Бұл – адамзат үшін үлкен шығын. Жаһандану экономиканы біріктірсе, мәдениетті кедейлендірмеуі керек. «Түрлі-түсті гүлден бақ көрікті» дегендей, әлемнің сұлулығы – әр ұлттың өзіндік өрнегінде.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, жаһандану – жел сияқты. Қарсы тұрсаң, жығады. Қалыққа ұшсаң, алып кетеді. Ал даналық – желдің бағытына қарай желкенді дұрыс қою. Біз әлемге есігімізді ашуымыз керек, бірақ өз үйіміздің кілтін жоғалтпауымыз керек.

Болашақта Қазақстанды әлемге танытатын нәрсе – мұнай емес, ұлттық рухымыз, әдептілігіміз, қонақжайлығымыз болады. «Ұлттық құндылықсыз ұлт – тамырсыз ағаш» демекші, тамырымызды тереңге жіберіп, бұтағымызды әлемге жайық.



АРИПБЕК Балнұр Ғалымжанқызы,
«Қосан Мамытов мектебінің»
түлегі, Түркістан облысы,
Төле би ауданы, Зертас ауылы.
Республикалық
«Farabi shakirti» журналы
мен www.farabishakirti.kz
желілік басылым
сайтының Жас тілшісі

«БАТАМЕНЕН ЕЛ КӨГЕРЕР»

Сурет: ЖИ, жолдаған автор

Қазақ халқы үшін ежелден-ақ батаның орны ерекше. Алыс жолға шыққанда үлкендердің батасын алып шығу міндетті болған. Сондай-ақ ас ішіп болған соң бата берілген, той-жиындарда, мысалы, сүндет тойда, бесік тойда, қыз ұзатуда үлкендердің ақ батасымен басталған.

Бата – бұл үлкендердің ізгі тілегі мен ризашылығы деген сөз. Әдетте батаны көпті көрген ақсақалдар мен қарт аналарымыз берген. Бұрынғы уақытта әкелер өз балаларын ауыл-ауылды аралатып, аты шыққан,



аузы дуалы би-шешендердің алдына апарып, батасын алғызған. Оның себебі – өз перзенттерінің де ел тізгінін ұстар данагөй болғанын қалаған.

Ал қазір ше? Батаның құндылығы өз деңгейінде сақталып тұр ма? Өкінішке қарай, жоқ. Қазір алыс сапарды былай қойғанда, күнделікті ас ішіп болған соң да бата сирек жасалады. Батагөй қариялар мен бата алуға ынтызар жастар да азайған. Бұның басты себебі – батаның күнделікті өмірде насихатталмауы, тек той-жиындарда ғана берілуі.

Егер бата күнделікті өмірде жасалса, мысалы, астан соң, жолға шыққанда, сапардан оралғанда, жаңа іс бастағанда, үйге қонақ келгенде, онда жас буын осыған үйреніп, батаның қадір-қасиетін түсінер еді. Өздерінен кейінгі ұрпаққа да дәріптеп жүрер еді.

Батаның ең үлкен ерекшелігі – тілі бай қазақ халқы оны өлең шумағындай етіп, әр сөзін маржандай тізіп, жүрекке жеткізіп берген. Бата беру – қазаққа ғана тән, бізді ерекшелендіріп тұратын дәстүріміз.

Шынында да, үлкеннің батасын алып шықсаң, жолың ашық, ісің оң болады, жамандық атаулы саған жоламайды. Бата – бұл әке мен ананың, көне көз қариялардың саған деген ақ тілегі мен ризашылығы.



ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ – ЗЕЙНЕТТІ ҚАРТТЫҚ



Сурет: ЖИ, жолдаған автор


Қазақ қоғамы бала тәрбиесіне ерекше мән береді. Ұрпағың тәрбиелі болса, қартайғанда төккен терің мен көрген бейнетіңді ақтап береді деп сенген. Шынында да, солай. Білімді, көзі ашық ұрпағың болса, қартайғанда зейнетін көресің.

Ұлы ғұлама Әл-Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», – деп бекер айтпаған. Адам баласы ұрпағына білім бермес бұрын, сол білімді ізгілікке қолдануы үшін ең алдымен дұрыс тәрбие беруі керек.

Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін, әрқашан жақсылыққа жаршы болып, жаман әдеттен алшақ жүретін, ізденісі бар ұрпақ ең алдымен ата-анасының үмітін ақтап, бейнетінің зейнетін көрсетейін деп мақсат қояды. Қолындағы бар асылын ізгілікке жаратуға тырысады.

Сол үшін қазақ халқы ежелден бала тәрбиесіне мән беріп, ата-баба дәстүрімен, ұлттық ой-санамен, ұлттық ұстаныммен тәрбиелеуге тырысқан. Бүгінгі дамыған қоғамда да білім мен тәрбиені ұштастыра отырып ұрпақ тәрбиелесек, еліміздің білікті, алдыңғы қатарлы жас буыны қалыптасып, ата-аналарымыздың зейнетті қарттығына себепкер болады.

СЛАМЖАНОВ Бекзат,
Алматы облысы, Іле ауданы,
Өтеген батыр ауылы
«№ 24 лицейінің» түлегі.
Республикалық «Farabi shakirti»
журналы
мен www.farabishakirti.kz
желілік басылым
сайтының Жас тілшісі
Жетекшісі: Жандарал Рыскүл
Байжұмақызы,
Қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімі



Сурет: ЖИ, жолдаған автор

Кітап – адамзаттың рухани қазынасы, білім мен тәрбиенің қайнар көзі. Алайда соңғы жылдары жастардың кітап оқуға деген қызығушылығы төмендеп бара жатқаны жиі айтылып жүр. Бұған қандай себептер әсер етуде және жастарды қайтадан кітап оқуға қалай баулуға болады?

Ең алдымен, технологияның қарқынды дамуы жастардың бос уақытын өзгертті. Әлеуметтік желілер, қысқа бейнероликтер мен түрлі ойындар ақпаратты тез қабылдауға үйретіп, ұзақ мәтіндерді оқуға деген қызығушылықты азайтты. Көптеген жас уақытын TikTok, Instagram немесе басқа да платформаларда өткізуді жөн көреді.

Екінші себеп – уақыт тапшылығы. Мектеп, университет, қосымша курстар мен түрлі үйірмелер жастардың күн тәртібін тығыздата түсті. Соның салдарынан кітап оқуға арнайы уақыт бөлу кейінге шегеріледі.

Сонымен қатар, кейбір жастар кітапты қызықсыз немесе тек оқу бағдарламасымен байланысты міндет ретінде қабылдайды. Ал шын мәнінде, кітап – тек білім көзі ғана емес, адамның ой-өрісін кеңейтетін, қиялын дамытатын және рухани байытатын сенімді серік.



Дегенмен, жастар кітаптан толықтай бас тартты деу қате болар еді. Қазіргі таңда электронды кітаптар мен аудиокітаптардың танымал болуы оқырмандардың жаңа буыны қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Кітап оқу мәдениетін дамыту үшін қызықты әдебиеттерді насихаттау, кітап клубтарын ұйымдастыру және оқуды заманауи форматтармен ұштастыру маңызды.

Мамандық таңдауда ескеретін 5 маңызды қағида

Мамандық таңдау – әр адамның болашағына әсер ететін маңызды шешімдердің бірі. Өйткені сүйікті ісіңді табу – тек жақсы табысқа жетудің емес, өмірден ләззат алып, өз орныңды табудың да кепілі. Сондықтан мамандық таңдауда асығыстыққа жол бермей, бірнеше маңызды қағиданы ескерген жөн.

Бірінші қағида – өз қызығушылығыңды анықтау. Адам өзіне ұнайтын іспен айналысқанда ғана табысқа жете алады. Егер белгілі бір пәнге, өнерге немесе техникаға қызығушылық болса, сол бағытты тереңірек зерттеген дұрыс.

Екінші қағида – қабілет пен мүмкіндікті бағалау. Кейде адам қалаған мамандығы мен өзінің бейімділігі сәйкес келмеуі мүмкін. Сондықтан өзіңнің күшті жақтарыңды анықтап, қабілетіңе сай кәсіпті таңдаған жөн.

Үшінші қағида – еңбек нарығындағы сұранысты ескеру. Заманауи қоғамда кейбір мамандықтарға сұраныс



артып, кейбірінің маңызы төмендеуде. Болашақта қажет болатын салаларды зерттеу дұрыс таңдау жасауға көмектеседі.

Төртінші қағида – мамандардың тәжірибесімен танысу. Белгілі бір салада еңбек етіп жүрген адамдармен әңгімелесу, түрлі семинарлар мен шеберлік сабақтарына қатысу мамандықтың қыр-сырын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Бесінші қағида – өз таңдауыңа жауапкершілікпен қарау. Ата-ананың немесе достардың пікірін ескеру маңызды болғанымен, соңғы шешімді адамның өзі қабылдауы қажет. Өйткені болашақ мамандық – адамның бүкіл өмір жолымен тығыз байланысты.

Дұрыс таңдалған мамандық – жарқын болашақтың бастауы. Сондықтан әр жас өз қызығушылығын, қабілетін және заман талабын ескере отырып, саналы таңдау жасауы қажет. Себебі болашақтың кілті – өз қолымызда.

ДАУКЕЕВА Алима,
Алматы облысы, Қарасай ауданы,
«Ұлан орта мектебі» түлегі.
Республикалық «Farabi shakirti» журналы
мен www.farabishakirti.kz
желілік басылым
сайтының Жас тілшісі



Сурет: ЖИ, жолдаған автор

Ұлттық құндылық дегеніміз - әр ұлттың тек өзіне тән мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, өнері, әдеби мұрасы, ұлттық ойындары, ұлттық идеологиясы.

Біз ұлт болып әлем аренасында сақталып қалуымыз үшін өзіміздің мәдениетімізді, тілімізді, рухани құндылықтарымызды сақтай білуіміз керек. Рухани жаңғыру бағдарламасы қазіргі таңда Қазақстанға, қазақ еліне өте тиімді, керек бағдарлама. Себебі, қазіргі қоғамда нағыз қазаққа тән қасиеттер азайып барады. Соның бірі - ер жігіттердің шаш бояп, сырға тағуы, қаракөз қыздарымыздың етегін ашып, ұятсыз безуі. Әрине, бес саусақ бірдей емес. Бірақ қынабынан қылышын суырып, елім деп еңіреген ұлдардың ұрпақтары мұндай болуы тиіс емес. Ар-ұятын, салт-дәстүрін, қазақи мәдениетін сақтап келген, отбасының ұйытқысы бола білген, бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен ақжаулық аналарымыздан туған ұрпақ шетелге еліктеушілікпен бұзылуға тиіс емес!

Рухани жаңғыру бағдарламасының ұлттық сана, ұлттық код, ұлттық бірегейлікті сақтау, прагматизм бөлімдері дәл осы болашақта ұлтымыздың майдаланып кету қаупін шешуге, ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалуға арналған.

Дана халқымыз «Ел болашағы - жастардың қолында», - деп зор сенім артып отырғаны тегіннен тегін емес.

Біз тәуелсіз елдің өскелең ұрпақтары ұлттық құндылығымызды сақтап қалу үшін не істей аламыз? Қазақ тілін бірінші орынға қойып, ұлттық құндылығымызды дәріптеп, бойымызға сіңіріп, болашақ ұрпаққа жеткізу арқылы сақтап қала аламыз.

Біз қазақ - талай қиындықты бастан кешірген, талай мықтыларды құлатқан, ең бастысы ұлттық құндылығымызды сақтап қалған ұлтпыз! Себебі, бізде ұлт бар, ұлттық құндылықтарымыз, ұлттық патриоттық сезім, ұлттық рух бар!

Ұлттық құндылық – әр халықтың рухани тірегі, тарихи жады және ұлттық болмысын айқындайтын басты қазынасы. Оған ана тілі, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, мәдениет, әдеби мұра, ұлттық өнер мен ұлттық тәрбие жатады. Осы құндылықтар арқылы ұлт өзінің ерекшелігін сақтап, әлем халықтарының арасында өзіндік орнын қалыптастырады.

Қоғам үшін ұлттық құндылықтардың маңызы өте зор. Олар адамдарды бірлікке, ынтымаққа, өзара сыйластыққа тәрбиелейді. Ұлттық дәстүрді құрметтеген қоғамда үлкенге құрмет, кішіге ізет, еңбеккорлық, адамгершілік пен отансүйгіштік сияқты қасиеттер берік орнығады. Мұндай қоғам рухани жағынан мықты болып, кез келген қиындықты еңсере алады.

Қазіргі жаһандану заманында көптеген жастар шетел мәдениетіне қызығушылық танытып, өз ұлттық болмысынан алшақтап бара жатқан жағдайлар да кездеседі. Сондықтан ұлттық құндылықтарды сақтау – уақыт талабы. Ана тіліміздің құрметтеу, салт-дәстүрімізді дәріптеу, тарихымызды білу және ұлттық тәрбиені ұрпақ бойына сіңіру арқылы ғана біз ұлттық бірегейлігімізді сақтай аламыз. Осы мақсатта жүзеге асырылған «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы ұлттық сана мен ұлттық кодты жаңғыртуға, төл мәдениетімізді сақтап, оны заман талабына сай дамытуға бағытталды. Сондықтан ұлттық құндылықтарды сақтау – ең алдымен жас ұрпақтың міндеті. Әрбір жас өз ана тілін ардақтап, ұлттық мәдениетін құрметтеп, ата-баба мұрасын келешек ұрпаққа жеткізуге үлес қосуы керек.

Ұлттық құндылықтарымыз:

1. Ана тілі – ұлттың жаны. Тіл – кез келген халықтың ең

басты ұлттық құндылығы. Ана тілі арқылы халықтың тарихы, дүниетанымы, мәдениеті мен рухы ұрпақтан ұрпаққа жетеді. Тілінен айырылған халық біртіндеп ұлттық болмысынан да айырылады.

Абай Құнанбайұлы да жастарды ғылым-білімге, ана тілін қадірлеуге үндеді. Оның қара сөздері мен өлеңдері қазақ тілінің байлығы мен көркемдігін дәлелдейді.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген. Бұл сөздің маңызы бүгінгі күні бұрынғыдан да арта түсті. Қазақ тілін құрметтеу – тек мемлекеттік тілді білу ғана емес, ұлттың рухын сақтау.

Қазақстанда соңғы халық санағы бойынша халықтың басым бөлігі қазақ ұлты болғанымен, қазақ тілінің қоғамдық өмірдегі қолданысын кеңейту әлі де маңызды міндеттердің бірі. Сондықтан әрбір азамат қазақ тілінде еркін сөйлеп, оны күнделікті өмірде қолдануға ұмтылуы қажет.

2. Салт-дәстүр мен әдет-ғұрып – тәрбиенің алтын қазығы. Қазақ халқының салт-дәстүрлері ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақ тәрбиесінің негізіне айналды. Бесікке салу, тұсаукесер, сүндет той, беташар, қыз ұзату, шілдехана сияқты дәстүрлердің әрқайсысының тәрбиелік мәні зор.

Жазушы Мұхтар Әуезовтің: «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген қанатты сөзінде тәрбиенің отбасынан басталатынын айқын көрсеткен.



«Абай жолы» роман-эпопеясында қазақ халқының қонақжайлығы, үлкенге құрметі, билер дәстүрі мен ұлттық тәрбиесі кеңінен суреттеледі. Бұл шығарма қазақтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрінің энциклопедиясы саналады.

Ұлттық дәстүрлер қоғамдағы бірлікті нығайтып, жастарды адамгершілікке, жауапкершілікке және сыйластыққа тәрбиелейді.

3. Тарих – ұлттың жады. Өз тарихын білмеген халық болашағын дұрыс құра алмайды. Қазақ халқының тарихы – азаттық жолындағы күреске, батырлыққа және бірлікке толы тарих.

Тарихшы Ермұхан Бекмаханов, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысын ғылыми тұрғыдан зерттеп, қазақ халқының тәуелсіздікке ұмтылысын дәлелдеді.

Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы қазақ хандығының қалыптасуы мен елдің тәуелсіздігі жолындағы күресті көркем түрде баяндайды. Бұл шығарма жастардың тарихи санасын қалыптастыруға үлкен үлес қосады.

Тарихын құрметтеген халық қана тәуелсіздігін бағалай біледі.

4. Ұлттық әдебиет пен өнер – рухани қазына. Қазақ әдебиеті мен өнері халықтың дүниетанымын, арманын және өмір салтын бейнелейді. Абайдың өлеңдері, Шәкәрімнің философиялық шығармалары, Жамбыл Жабаевтың жырлары – ұлттық рухтың айқын көрінісі.

Абайдың «Толық адам» ілімі жастарды адалдыққа, еңбекқорлыққа және білімге шақырады. Ал Шәкәрім Құдайбердіұлы ар-ожданды адамның ең жоғары қасиеті деп санаған.

Қазақтың күй өнерінде Құрманғазының «Сарыарқа», Дәулеткерейдің «Жігер», Тәттімбеттің «Сарыжайлау» күйлері халықтың тарихы мен еркіндікке деген ұмтылысын бейнелейді.

5. Ұлттық ойындар – денсаулық пен тәрбиенің мектебі. Ұлттық ойындар – халқымыздың өмір салты мен тәрбиесінің ажырамас бөлігі. Көкпар, қазақ күресі, асық ату, тоғызқұмалақ, қыз қуу сияқты ойындар жастарды батылдыққа, ептілікке және тапқырлыққа баулиды. Тоғызқұмалақ бүгінде әлемнің көптеген елінде ойналып, халықаралық жарыстар ұйымдастырылып келеді. Бұл қазақ халқының зияткерлік мұрасының әлемге танылып келе жатқанын көрсетеді.

Ұлттық ойындар арқылы жастар өз халқының мәдениеті мен дәстүріне қызығушылық танытады.

6. Ұлттық тәрбие мен отбасы құндылығы. Отбасы – ұлттық тәрбиенің алғашқы мектебі. Қазақ халқында «Отан – отбасынан басталады», «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» - деген нақыл сөздер бекер айтылмаған.

Педагог Мағжан Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде ұлттық тәрбиенің баланың тұлға болып қалыптасуындағы маңызын ерекше атап көрсеткен.

Қазіргі таңда жүргізілген әлеуметтік зерттеулер жастардың бойындағы адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына отбасының ықпалы ең жоғары факторлардың бірі екенін көрсетеді. Сондықтан ұлттық тәрбиені ең алдымен отбасында бастау қажет.

Қорыта айтқанда, ұлттық құндылық – ұлттың өткенінен сыр шертетін асыл мұра ғана емес, болашаққа бастайтын темірқазық. Тілі мен дәстүрін, тарихы мен мәдениетін, әдебиеті мен өнерін қастерлеген халықтың рухы ешқашан әлсіремейді. Ұлттық құндылықтар – қоғамдағы бірлік пен татулықтың, тәуелсіздік пен тұрақтылықтың басты кепілі.

Бүгінгі жас ұрпақ жаһандану дәуірінде өмір сүргенімен, өз ұлттық болмысын жоғалтпауы тиіс. Біз әлемнің озық жетістіктерін меңгере отырып, ұлттық рухымызды, ана тілімізді, салт-дәстүрімізді сақтай білсек қана нағыз бәсекеге қабілетті ұлтқа айналамыз. Себебі тамыры терең ағаштың ғана бұтағы биікке жайылады.

Әр қазақ өз отбасынан бастап ұлттық тәрбиені дәріптеп, ана тілінде сөйлеп, ұлттық мәдениетті насихаттауға үлес қосуы қажет. Ұлттық құндылықтарды сақтау – тек мемлекет пен ұстаздардың емес, әрбір азаматтың қасиетті борышы. Ата-бабамыз бізге кең байтақ жермен бірге ұлттың рухын, тілі мен дәстүрін аманат етті. Сол аманатқа адал болу – Тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағына қосқан ең үлкен үлесіміз.

«Өткенін құрметтеген халықтың – болашағы баянды, ұлттық құндылығын сақтаған елдің – іргесі берік». Сондықтан ұлттық мұрамызды көздің қарашығындай сақтап, оны келер ұрпаққа толық жеткізу – баршамыздың ортақ міндетіміз әрі ұлы мақсатымыз.

БАҚЫТЖАН Ерсайын,
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы,
Қожабақы ауылы, «№25 орта мектептің»
11- сынып оқушысы.
Республикалық «Farabi shakirti» журналы
мен www.farabishakirti.kz желілік басылым
сайтының Жас тілшісі

Неліктен мен журналистиканы таңдадым?



Жайдан-жай емес, халқыма көмек болсын деп,еліме үлес қосқым кеп таңдадым. Ал терең, әрі мағыналы себебі ол…

Кейінгі жылдардағы арманым. Елімнің мұңын, жан айқайын есту. Себебі менікі де кезінде естусіз қалған еді. Ақиқатпен де жиі тоғыспаған тағдырдың, өзгеге тоғыспасын деп. Журналист болам деген мен!

Журналист өмірі қарбалас, тола саяхат пен сапар. Журналист тек теледидардан жаңалық қана айтушы емес, ол халқы мен үкімет арасындағы хатшы, ең біріншіден халық мейірбаны.

Журналист болғым келгені де, тек арман емес, ол менің болашаққа қойған нық мақсатым. Әр қазағым жалғызым, әр сәбидің бақыты ол менінде бақытым. Елім үшін ақиқатқа жеткім де келеді, еңбек етіп те, талпынып та, талабыма жетемін.

Бала кезден теледидар көргенге құмар болатынмын, әр тілші сөзіне де, өзін-өзі ұстағанына да тамсана қарайтынмын.

Корреспондент, репортёрларды көргенде, әр адамға ерекше ілтипатпен сөйлегенін көргенде, шұғыл оқиға орнына барғанда саспай, нақтысын білуге тырысады, әр адамның психологиясына қарай сұрақ қойып, адам мен оқиғаны зерттейді - бұл тұнып тұрған кәсібилік. Бәлкім көрген шығарсыз, көп ашық соттарға көптеген журналистер қатысады. «Мақсаты неде?» - әлеуметтік желі қолданушыларына сот барысын түсіндіру, көптеген тың мәліметпен бөлісу, жағдайды баяндап беру. Ел ішінде қауесет тарап кетпес үшін, журналист мәліметтер мен дәлелдер келтіре отыра мақала жазады. Мысалы «Tengrinews.kz» - әлеуметтік желілерде жеке арнасы бар, ол арнаның тілшілері көптеген ашық соттарға қатысқан болатын және өздерінің әлеуметтік желісіне тікелей эфир арқылы көрсетілген соттан ақпарат таратып отырады. Мысалы Салтанат Нукенованың қазасы - Бишимбаев ісі бойынша, Талғардағы Шерзат өлімі - 4 бұзақының ісі. Резонанста болған осы екі сот. «Не себептен ашық сот?» - деген сұрақ туындайды. Себебі халық сот әділ өтіп жатқанына көз жеткізгісі де келеді. Соны естіген журналист, сотқа рұқсат алады, себебі ел арасынды түрлі сөздер пен ғайбат ақпараттарды жоюға тырысады. Нақты дәйекпен сөйлейтін, елге жоғарыдан хабар жеткізіп, ел сұрағын жоғарыға айтып жауабын білген журналист!

Сол бір мықты журналист қатарынан болашақта менде болғым келеді! Қазіргі таңда Дина Төлепбергенді әлеуметтік желіден қараймын, посттарын оқимын, жас маман іздесе, болашақ тілші үшін бүкіл мағлұмат бар!

Журналист халық жанында, мұңнын көбін тыңдаушы, әр адамды жеке дара зерттейтін психолог, қылмысты сұрақ қойып білетін тергеуші, журналист ол әмбебап адам сол үшінде журналисттерді халық жаны сүйеді!

КЕЛЬДЫБАЕВА Алуа,
Алматы облысы, Қарасай ауданы
«Әл-Фараби атындағы мамандандырылған лицейінің» түлегі.
Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен www.farabishakirti.kz желілік басылым сайтының Жас тілшісі



Сурет: ЖИ, жолдаған автор

Қазіргі таңда әлем мемлекеттерінің арасындағы қарым-қатынас бұрынғыдан да қарқынды дамып келеді. Жаһандану дәуірінде елдер арасындағы байланысты тек саясаткелер мен кәсіби дипломаттардың қызметімен шектелмейді. Бұл үдеріске еліміздің жастары да белсенді түрде араласуда. Осы орайда “жастар дипломатиясы” ұғымының маңызы артып келеді.

Жастар дипломатиясы - әртүрлі елдер арасындағы жастардың достығын, ынтымақтастығын және өзара түсіністікті дамытуға бағыттылған қызмет. Ол халықаралық форумдар, білім беру бағдарламалары, мәдени алмасулар, еріктілік жобалары және жастар ұйымдары арқылы жүзеге асады. Мұндай бастамалар жастардың дүниетанымын кеңейтіп қана қоймай, мемлекеттер арасындағы байланысты нығайта түседі.

Бүгінде қазақстандық жастар халықаралық жобаларға жиі қатысып жүр. Олар шетелдік оқу орындарында білім алып, түрлі конференциялар мен форумдарда еліміздің атынан сөз сөйлейді. Осындай кездесулер барысында жас ұрпақ көп тәжірибе алмасып, өз мәдениетін таныстырады. Бұл Қазақстанның халықаралық беделін арттыруға септігін тигізеді.

Жастар дипломатиясының басты артықшылықтарының бірі - халықтар арасындағы достықты нығайтуы. Әртүрлі мәдениет және ұлт өкілдері бір-бірімен жақын танысқан сайын олардың арасында түсіністік пайда болады. Ал түсіністік бар жерде бейбітшілік пен тұрақтылық қаланады. Сондықтан жастар дипломатиясы әлемдегі татулық пен ынтымақтастықты сақтаудың маңызды құралы.

Сонымен қатар, жастар дипломатиясы жас буынның бойындағы бірқатар жақсы қасиеттерді қалыптастырады. Атап айтқанда көшбасшылық қабілеті дамиды. Халықаралық ортада жұмыс істеген жастар жауапкершілікке, ашық ойлауға, өз ойын еркін айтуға және тиімді қарым-қатынас жасауға үйренеді. Бұл қасиеттер олардың болашақтың ел дамуына үлес қосатын білікті маман болып қалыптасуына көмектеседі.

Жастар дипломатиясы - мемлекеттер арасындағы достықты нығайтып, бейбіт болашақ құруға бағытталған маңызды сала. Бүгінгі жастар халықаралық ынтымақтастықтың белсенді қатысушысына айналса, ертеңгі күні әлем арасындағы өзара сенім арта түседі. Сондықтан жастар дипломатиясын дамыту - болашаққа жасалған маңызды қадам.



Назым ДҮЙСЕНБЕК,
Түркістан облысы,
Ордабасы ауданы,
«Темірлан» жалпы білім
беретін мектебінің
түлегі.
Республикалық
«Farabi shakirti» журналы
мен www.farabishakirti.kz
желілік басылым
сайтының Жас тілшісі



Сурет: ЖИ, жолдаған автор

Қазіргі таңда технологияның дамуы адамдардың өмірін жеңілдеткенімен, кітаптың орны ешқашан төмендемейді. Кітап – адамға білім беретін, ой-өрісін кеңейтетін, өмірге деген көзқарасын қалыптастыратын асыл қазына. Әрбір оқылған шығарма жаңа ойға жетелеп, адамның рухани дамуына ықпал етеді.

Өкінішке қарай, бүгінгі жастардың арасында кітап оқуға қызығушылық азайып бара жатқаны байқалады. Бос уақыттың көбі әлеуметтік желілерде өтеді. Қысқа бейнелер мен жылдам ақпаратқа үйренген адам ұзақ мәтінді оқуға ерінеді. Соның салдарынан сөздік қорының азаюы, ойын анық жеткізе алмау сияқты мәселелер туындайды.

Ал кітап оқитын адамның ойлау қабілеті жоғары болады. Ол өз пікірін еркін жеткізе алады, қиялы дамиды, сауатты жазады. Кітап адамды сабырлы болуға, өмірді тереңірек түсінуге үйретеді. Әсіресе көркем әдебиет адамның жан дүниесін байытып, мейірімділікке тәрбиелейді.

Кітап оқу – тек білім алу емес, өзіңді дамытуға салынған инвестиция. Сондықтан әр адам күніне кем дегенде 20–30 минут кітап оқуды әдетке айналдырса, оның пайдасын міндетті түрде көреді. Өйткені кітап – адамды биік белестерге жетелейтін ең сенімді жолсерік.

«ЖАСТАР ЖӘНЕ УАҚЫТ: ЕҢ ҚҰНДЫ БАЙЛЫҚТЫ ҚАЛАЙ БАҒАЛАЙМЫЗ?»

Сурет: ЖИ, жолдаған автор

Уақыт – адам өміріндегі ең әділ өлшем. Ол ешкімді күтпейді, ешкімге артық берілмейді және ешкімнен кері қайтарылмайды. Бай мен кедейдің, үлкен мен кішінің, оқушы мен ғалымның бір тәуліктегі уақыты – бірдей 24 сағат. Бірақ сол уақытты қалай пайдаланатынымыз біздің болашағымызды анықтайды.

Қазіргі жастардың мүмкіндігі бұрынғы буынмен салыстырғанда әлдеқайда көп. Білім алуға, тіл үйренуге, жаңа мамандық меңгеруге немесе өз қабілетін дамытуға қажетті ақпараттың барлығы қолжетімді. Алайда сол мүмкіндіктермен бірге уақытты босқа өткізетін дүниелер де көбейді. Кейде адам өзі байқамай бірнеше сағатын телефонға немесе мәнсіз істерге жұмсап қояды. Кейін сол жоғалтқан уақытын қайтаруға қанша тырысса да, ол енді қайта келмейді.

Табысты адамдардың өмір жолына қарасақ, олардың барлығы уақыттың қадірін білген. Олар әр күнін жоспарлап, алдына нақты мақсат қояды. Себебі үлкен жетістік бір күнде келмейді. Ол күн сайынғы кішкентай еңбектің, табандылықтың және тәртіптің нәтижесі.

Жастық шақ – адам өміріндегі ең маңызды кезең. Дәл осы уақытта алған білім, қалыптасқан мінез бен үйренген дағдылар болашаққа негіз болады. Сондықтан әр күнді пайдалы іске арнау – өзіңе жасаған ең үлкен жақсылық. Кітап оқу, жаңа нәрсе үйрену, спортпен айналысу немесе отбасыңа көмектесу сияқты қарапайым әрекеттердің өзі уақытты тиімді өткізудің көрінісі.

Уақытты бағалау – тек көп жұмыс істеу деген сөз емес. Ол өз өміріндегі маңызды дүниелерге көңіл бөлу, жақындарыңа уақыт табу, денсаулығыңа мән беру және рухани дамуға



ұмтылу. Себебі адамның бақыты тек жетістікпен емес, өмірдің әр сәтін бағалай білуімен де өлшенеді.

Қорыта айтқанда, уақыт – орны толмайтын байлық. Ақшаны жоғалтсаң, оны қайта табуға болады, ал жоғалған уақыт ешқашан қайтып келмейді. Сондықтан әр күнімізді мақсатпен өткізіп, бос уақытты пайдалы іске жұмсауды әдетке айналдырайық. Бүгін дұрыс пайдаланылған бір сағат – ертеңгі үлкен жетістіктің бастауы. Уақыттың қадірін білген адам ғана өз арманына сенімді қадам басып, болашағын жарқын ете алады.



БАҒЫТЖАН Ақерке Ибатоллақызы,
Атырау облысы, Махамбет ауданы, Сарытоғай ауылы,
«Дүйсенғали Төленов атындағы» жалпы орта білім беретін мектеп түлегі.
Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен www.farabishakirti.kz желілік басылым сайтының Жас тілшісі



Шәкірт өміріне шамшырақтай нұрын төккен

Ұстаз... Қандай қастерлі сөз! «Ұстазыңды атаңнан да әзіз тұт» деп ұлы Абай атамыз бекер айтпаған. Әркімнің өмірінде тағдырын өзгертетін, бағыт-бағдар беретін тұлғалар болады. Мен үшін ол – Саусақбаев Болат Бекмұхаммедұлы.

Болат ағай – «Үшқоңыр орта мектеп-гимназиясының» тарих пәнінің мұғалімі. Қарапайым шағын ауылда орналасқан мектепте 2013 жылдың 1-ақпанында «ARGUMENT» дебат клубының негізін қалады. Мектепте дебат түгілі, басқа үйірмелердің өзі әлі толық қалыптаспаған тұста, ағайдың мұндай қадамға баруы оқушылар үшін де мұғалімдер үшін де батыл жаңалық болды. Дебат клубы ұзаққа бармайды деп ойлаған адамдар да болды. Бірақ өз жетекшілігімен мектеп оқушыларын студенттермен байланыстырып, тәжірибе алмастырып мықты ортаны қалыптастырды. Тәрбие мен білімді, отбасылық құндылықтарды қатар сіңдіретін бұл ортаға биыл 13 жыл толды.



Сегізінші сыныптың табалдырығын аттағанда, Болат ағайдың жай ғана тарих пәнінің мұғалімі емес, өміріме жол сілтеген тұлғаға айналарын ол кезде білмеппін.

Ағай – тек тарих парақтарындағы даталарды жаттатқызатын ұстаз емес, сол тарихты бүгінгі күнмен байланыстырып, әр оқушының ой-өрісін дамыта білетін жан. Оның сабақтарындағы ерекше сипат – тарихты жеңіл әрі қызықты түсіндіруінде. Ол бізді болған оқиғаларды терең талдауға, себеп-салдарын түсінуге жетелейтін.

Болат Бекмұхаммедұлы қарапайым ауыл мектебінің оқушыларын әртүрлі жоғары оқу орындарына республикалық жарыстарға апарып, бізге үлкен өмірге қадам басуға мүмкіндік берді. Тіпті, мектеп оқушыларына арнап алғашқы рет республикалық дебат турнирлерін ұйымдастырғаны әлі күнге дейін көптеген шәкірттің есінде. «ARGUMENT» дебат клубы біз үшін жай ғана үйірме емес, еркін ойлауды, шешендік өнерді және мықты тұлғаларды қалыптастыратын нағыз мектепке айналды.

Есімде, дебат пікірсайысы кезінде қобалжығаннан ойымды жинақтай алмай тұрғанымда, Болат ағайдың «Қорықпа, сенің айтарың бар» деген сенімді көзқарасы мен қолдауы маған қанат бітірді. Ол қателіктерімізді бетке басқаннан гөрі, сол қателіктен сабақ алып, келесіде қалай мықтырақ болуға болатынын үйретті. Дәл сол сабырлық пен ұстаздық мейірімнің арқасында біз облыстық, республикалық жарыстарда биік шыңдардан көрініп. Жеңіс тұғырына шыққан әрбір сәтте, қолыма дипломды алған сайын, іштей Болат ағайға алғыс айтамын. Өйткені, ол дипломдар – ағайдың төккен маңдай тері мен сарп еткен уақытының жемісі.

Бүгінде артқа көз салсам, сегізінші сыныптан бері өткен сол жол менің тұлға болып қалыптасуыма зор үлес қосқанын түсінемін. Ұстаз болу – бұл, ең алдымен, оқушының жүрегіне жол тауып, оның ішіндегі жақсылықтың шырағын жағу болса керек. Болат ағай – менің жүрегімдегі сол шамды жаққан ұстазым. Сіздің әрбір кеңесіңіз, әрбір ақылыңыз – менің бүгінгі жетістіктерімнің алтын арқауы. Барша шәкірттеріңіздің атынан алғыс айтамын, Болат ағай!

ДӘУІРХАН Айнұр,
Алматы облысы,
Қарасай ауданы,
«Үшқоңыр орта мектеп – гимназиясының» түлегі.
Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен www.farabishakirti.kz желілік басылым сайтының Жас тілшісі



ЖУРНАЛИСТИКА – ҚОҒАМ ҮНІН ЖЕТКІЗЕТІН МАМАНДЫҚ

https://arainfo.kz/

Журналистика – қоғам мен халық арасын байланыстыратын маңызды мамандықтардың бірі. Журналист халықтың мұң-мұқтажын жеткізіп, елдегі өзекті мәселелерді көтереді, шынайы ақпарат таратады. Сондықтан журналистиканы қоғамның айнасы деп атайды. Қазіргі таңда ақпараттың рөлі ерекше. Адамдар күн сайын жаңалық оқып, әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түрлі мәліметтер алады. Осындай кезде журналистердің еңбегі маңызды бола түседі. Олар оқиғаны зерттеп, нақты деректерді жинап, халыққа дұрыс ақпарат ұсынуға тырысады.

Журналист тек жаңалық таратушы ғана емес, ол – қоғамдағы мәселелерге бейжай қарамайтын тұлға. Экологиялық жағдай, білім, денсаулық сақтау, жастар мәселесі сияқты көптеген тақырыптарды көтеру арқылы журналист қоғамның дамуына үлес қосады. Кей жағдайда журналистік зерттеулер маңызды мәселелердің шешілуіне себеп болады.

Бұл мамандық иесінен жауапкершілік, адалдық, сауаттылық және батылдық талап етіледі. Журналист әрқашан шындықты айтып, халық сенімін ақтауы қажет. Сонымен қатар ол бірнеше тілді меңгеріп, ақпараттық технологияларды пайдалана білуі керек.

Қорытындылай келе, журналистика – қоғам үнін жеткізетін, халық пен билік арасындағы алтын көпір болатын маңызды мамандық. Ақпарат дәуірінде журналистердің еңбегі ерекше бағаланып, олардың қоғамдағы рөлі одан әрі арта түсуде.


ҚАЗАҚША КОНТЕНТ: САННАН САПАҒА ҚАДАМ

Сурет:https://egemen.kz/

Ақпарат ғасырында өмір сүріп жатқан бүгінгі қоғам үшін контенттің маңызы ерекше. Әлеуметтік желілер, жаңалық сайттары, бейнеплатформалар мен подкасттар күн сайын миллиондаған адамға ақпарат таратады. Осындай қарқынды дамыған цифрлық кеңістікте қазақ тіліндегі контенттің де орны ерекше. Соңғы жылдары қазақша контенттің саны айтарлықтай артқанымен, ендігі басты мақсат – сан қуалау емес, сапаны арттыру.

Бүгінде қазақ тілінде түрлі бағыттағы контенттер жасалуда. Білім беру, журналистика, ғылым, әдебиет, ойын-сауық, технология, кәсіпкерлік сияқты салаларда қазақ тілінде ақпарат ұсынатын авторлар көбейіп келеді. Бұл – мемлекеттік тілдің дамуына жасалған үлкен қадам. Әсіресе жастардың қазақ тілінде блог жүргізуі, бейнероликтер түсіруі, подкаст жазуы және әлеуметтік желілерде белсенді болуы – қуантарлық жағдай. Алайда контенттің көп болуы оның сапалы екенін білдірмейді.

Кейде қаралым жинау немесе танымал болу мақсатында жеңіл, пайдасы аз, тіпті жалған ақпараттар да таралады. Мұндай материалдар көрерменнің уақытын алады, бірақ білімін арттырмайды. Сондықтан әрбір контент авторы өз аудиториясының алдында үлкен жауапкершілік арқалайтынын ұмытпауы керек. Сапалы контент ең алдымен сенімді



дерекке, сауатты тілге және қоғамға пайдалы идеяға негізделуі тиіс. Қазақ тіліндегі материалдар тек көңіл көтеріп қана қоймай, ойландырып, білім беріп, ұлттық құндылықтарды насихаттауы қажет.

Ең бастысы – мазмұнның құндылығы мен шынайылығы сақталуы керек. Қазақша контенттің болашағы оның санымен емес, сапасымен өлшенеді. Оқырман мен көрерменге пайда әкелетін, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін, сауатты әрі сенімді ақпарат қана қоғамның сұранысына ие болады. Сондықтан бүгінгі міндет – қазақ тіліндегі контентті көбейту ғана емес, оның мазмұнын байытып, сапасын жаңа деңгейге көтеру.

Сапалы қазақша контент көбейген сайын мемлекеттік тілдің мәртебесі де артып, ұлттық руханияттың дамуына тың серпін береді. Бұл – ақпараттық қоғамдағы бәсекеге қабілетті, білімді әрі саналы ұлт қалыптастырудың маңызды қадамдарының бірі.



НҰРДІЛДА Зарина Ғабитқызы, Астана білім басқармасының «№99 жалпы орта мектебінің» түлегі. Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен www.farabishakirti.kz желілік басылым сайтының Жас тілшісі

ҰСТАЗЫММЕН БІРГЕ ШЫҚҚАН НӘТИЖЕ

Жуырда математика пәнінен «Алтын түлек» атты жарысқа бардық.

10-11 сынып оқушыларының арасында мен де бармын. Көкейімде қобалжу мен сенімсіздік бар. «Барлық сайыстарда жүлделі орындармен қайттым, бұл жарыстан орын алмасам, сенімді ақтамай қоям» деген үрей бойымды биледі. Жарыс болатын күні 24 лицейге бет алдық. Кірген бойда тіркелу бөліміне аяндадық. Жарысқа қатысатын оқушылар ығы-жығы. Апыл-ғұпыл тексерушілер қимылы, есіктің ашылып жабылып жатқаны, оқушылардың арқа-жарқа күлкілері мен сөздері бәріміздің мысымызды басып тұр. Тіркелу кезегі бізге де жетті. Мектеп атынан он екі оқушы бардық. Барлығымыздың арманымыз бір – орын алып, мұғалімнің сенімін ақтау. «Алтын түлек» сайысы бірнеше деңгейлік тапсырмалардан тұрды. Барлық тапсырмаларды орындап шығу уақытты тиімді пайдалануды талап етті. Кей тапсырмалар күрделі болғанымен, дайындығым көп көмек көрсетті. Әрбір тапсырма менің бойыма жаңа тәжірибелерді сіңірді. Біз бұл сайысқа топпен дайындалдық. Біріміздің



білмегенімізді біріміз түсіндіріп, қолдау көрсете білдік.

Біздің жетістігімізге еңбегін сіңірген, білім нәрімен сусындатқан білікті де, білімді ұстазым - Құралов Ерлан Ақылбекұлы. Ағайымыз оқушыларға яғни, бізге сайысқа тыңғылықты дайындалуға көмектесіп, күрделі тапсырмаларды ұжыммен талқылауды және әр мәселені жан-жақты қарастыруды үйретті. «Алтын түлек» интеллектуалды сайыста мектебіміздің абыройын көтеріп, барлығымыз жүлделі орындармен ораладық. Бұнымен қоймай, Ерлан Ақылбекұлының өзі де бізбен қатар дайындалып, осы оқу жылында «Адал ұстаз» атты аудандық байқауда 1-ші орынды алып, қалалық кезеңге өтті. Бұл жетістік – ұстазымның кәсіби шеберлігінің, оқушыларға үлгі бола білген ұстаз екенінің айқын дәлелі.

«Алтын түлек» сайысында алған III орын - мен үшін жай жүлде емес, тәжірибе әрі алдағы мақсаттарыма шабыт. Келесі жолы бұдан да жақсы нәтиже көрсетуді мақсат етемін.





Сурет ЖИ көмегімен жасалынды. Автор

Бақыт – кішкентай сәттерде

Дүние есігін ашқан әрбір адам бақытты. Өмірді сонша қызықты етіп тұрған құдырет – бақыт екені хақ. Ақиық ақын М.Мақатаев атамыз жырлағандай:

Бақыт деген сенің бала күндерің,
Бақытсыз-ақ бақытты боп жүргенің.
Бақытын да басқасын да білмеуің,
Бақытсыз-ақ ойнағаның күлгенің.
Бақыт іздеп мал бақ, мейлің, тас қала,
Бірақ, балам, мынаны естен тастама:
Бақыттысың, бақыт іздеп сорласаң,
Бақытты боп сорлап жүрсең масқара!



Ұстаз – Е.А.Құралов

Расымен де бой түзеп, өсе келе адам баласы бақытты аңсап, оны өмір бойы іздейді. Біреулері бақытты байлық, атақ, шен деп білсе, өзгелер арман мен махаббатқа жетуден іздейді. Бәлкім, бақыт біз ойлағандай үлкен жетістіктерде емес, күнделікті тіршілігіміздегі кішкентай, қарапайым нұрлы сәттерінде жатқан шығар. Мен үшін нағыз бақыт – таңның әсем нұры, жақындарымның күлкісі, денімнің саулығы. Мектепке кетерімде тоқаш пісіріп, қолыма ұстатып, маңдайымнан сүйіп, анамның мен үшін дұға еткені баға жетпес байлық. Кейде уақытша дүниенің етегінде жүріп, бақытты болашақта, жырақта деп түсінеміз. Анығында бақыт бізбен бірге. Дәл қазіргі сәттерде. Оны сезіну үшін асықпай, айналамызға зер салып, шынайы өмірдің әр сәттерінен ләззат алуымыздың өзі жеткілікті. Жүрек тыныштығы мен жақындарыңның тынысын сезіну – нағыз бақыттың кілті.

НИЯЗБАЕВА Шакира
Алматы қаласы,
№58 ЖББМ 11-сынып оқушысы.
Республикалық
«Farabi shakirti» журналы
мен www.farabishakirti.kz
желілік басылым
сайтының Жас тілшісі



Сурет: ЖИ, жолдаған автор

Әр адамның өмірінде арманы болады. Біреу дәрігер болуды армандайды, енді біреу мұғалім, спортшы немесе журналист болғысы келеді. Менің ойымша, адамның арманы болса, оның өмір сүруге деген құлшынысы да арта түседі. Өйткені арман бізге мақсат қоя білуге және сол мақсатқа жету үшін еңбектенуге көмектеседі.

Арманның орындалуы оңай емес. Кейде жолымызда түрлі қиындықтар кездеседі. Бірақ адам өз арманына шын сенсе, ешқашан берілмейді. Қателеседі, қайта тұрады, тағы да алға ұмтылады. Осындай сәттерде адам шыңдалып, өмірден көп нәрсе үйренеді деп ойлаймын.

Қазір біз де үлкен өмірдің алдында тұрмыз. Мектепті аяқтап, мамандық таңдаймыз, жаңа ортаға барамыз. Кейде қорқыныш болады, кейде өзімізге күмәнданамыз. Сондай кезде бізді алға жетелейтін – арманымыз. Егер адам арманы үшін еңбек етсе, оның нәтижесін міндетті түрде көреді.

Менің де болашаққа қойған арманым бар. Сол арманыма жету үшін жақсы білім алып, өзімді дамытып жүрмін. Әр күн сайын кішкентай болса да бір қадам жасау маңызды деп есептеймін. Өйткені үлкен жетістік бір күнде келмейді.

Қазақ халқында «Армансыз адам – қанатсыз құспен тең» деген мағыналы ой бар. Бұл сөздің мәнін қазір жақсырақ түсінемін. Себебі арман адамға күш береді, үміт сыйлайды және ешқашан тоқтап қалмауға үйретеді.

Қорытындылай келе, арман – адамның болашағына жол көрсететін жарық шам сияқты. Арманы бар адам әрқашан алға ұмтылады, өзіне сенеді және мақсатына жетуге тырысады. Сондықтан қандай жағдай болмасын, армандаудан қорықпай, сол арманға жету үшін еңбек ету керек деп ойлаймын.



ҚОШТАСУ ЕМЕС, ЖАҢА ӨМІРДІҢ БАСТАУЫ

Бір қарағанда, 11 жыл өте ұзақ уақыт сияқты көрінеді. Бірақ мектепті бітіруге санаулы күндер қалғанда, осы жылдардың қалай зулап өткенін байқамай қаласың. Кеше ғана мектеп табалдырығын кішкентай бала болып аттаған едік, бүгін қолымызға аттестат алып, үлкен өмірге қадам басқалы тұрмыз.

11-сынып әркім үшін ерекше жыл болды. Бұл жылы тек сабақ оқып қана қойған жоқпыз. ҰБТ-ға дайындалдық, қобалжыдық, шаршадық, кейде бәрінен бас тартқымыз келген сәттер де болды. Бірақ бәрібір мақсатымыздан таймауға тырыстық. Әр тесттен кейін өзімізді салыстырып, қателіктерімізді түзетіп, жақсы нәтиже көрсетуге бар күшімізді салдық.

ҰБТ жақындаған сайын уайым да көбейді. Кейде бір ғана балл үшін түнге дейін дайындалған күндеріміз есімізде. Бірақ дәл сол қиындықтар бізді шыдамды болуға үйретті. Қазір артқа қарап, сол еңбектің бекер болмағанын түсінеміз.

Ең қимасы – сыныптастармен қоштасу. Он бір жыл бойы бір партада отырып, бір-бірімізге үйреніп қалдық. Бірге күлдік, бірге ренжідік, түрлі іс-шараларға қатыстық. Кейде ұрысып қалсақ та, ертеңіне қайтадан сөйлесіп кететінбіз. Осындай қарапайым сәттердің өзі енді естелік болып қалады деп кім ойлаған?

Бізді енді әртүрлі жол күтіп тұр. Біріміз Астанаға, біріміз Алматыға, енді біріміз басқа қалаларға немесе шетелге оқуға кетеміз. Бұрын күнде көретін достарымызбен енді сирек кездесетін шығармыз. Соған қарамастан, мектепте құрылған достықтың үзілмейтініне сенемін. Себебі нағыз достық қашықтыққа қарамайды.

Мектеп бізге тек білім ғана емес, өмірлік сабақ та берді. Қиындыққа мойымауды, жауапкершілікті сезінуді, адамдарды сыйлауды үйретті. Осы қабырғадан алған тәрбиеміз алдағы өмірімізде міндетті түрде қажет болады.

Мен үшін 11-сынып – ең есте қалатын кезеңдердің бірі. Әрине, мектеппен қоштасу оңай емес. Бірақ өмір бір орында тұрмайды. Алдымызда жаңа мақсаттар, жаңа адамдар, жаңа армандар күтіп тұр. Ең бастысы – мектепте өткен әдемі сәттерді ұмытпай, әрқайсымыз өз арманымызға жетсек екен.

Сыңғырлаған соңғы қоңырау – бір дәуірдің аяқталуы емес, жаңа өмірдің басталғанының белгісі.

ДАУЛЕТ Ақтолқын
Павлодар облысы, Ақсу қаласы,
«Үштерек ауылы орта
мектебінің» түлегі.
Республикалық «Farabi shakirti»
журналы мен www.farabishakirti.kz
желілік басылым сайтының
Жас тілшісі



Халқына да, отбасына да уақыт таба білген жан!

Сурет: ЖИ, жолдаған автор

Өмірде мінсіз адам жоқ, бірақ мен үшін бар - ол менің әкем. Менің басты үлгі тұтатын тұлғам ол менің сүйікті әкем. Дәл қазіргі таңда әкемнің дәрігер болып, науқастарға көмектесіп жүргеніне 35 жыл болды. Осы жылдар аралығында өз жұмысын махаббатпен атқарып, адамдарға көмек көрсетуді басты міндетім деп санап келеді. Ұйықтамай адам жанымна араша түсіп, өзі шаршап келседе, ешқашан қабағын шытпайды. Әкемнің сабырлығын көрген сайын, өзіміздің шыдамсыз мінезімге әлі де өзгеріс керек екендігіне көзім жетеді.

2020 жылы біз үшін ауыр дерт жылдарында, әкем еліміздің адамдарының саулығы үшін айлап үйге қонбай, жұмыста қауіпті ауруларды емдеп жүрді. Қаншама жанды қалай құтқарып қалғандығын айтқанда, ең үздік, еңбекқор әке менде екендігімен іштей мақтанатынмын! Ал отбасымызға келер болсақ. Менің асқартау әкемнің ең кенже ерке қызымын. Күні бойы үзіліссіз жұмыстан келседе, кішкентай кезімнен бастап, мәнсіз ұзақ әңгімелерімді соңына дейін бөлмей тыңдайды. Сол кездерде анам күліп, онсызда шаршап келген әкеңнің басын одан әрі қатты ауырттың ғой, – деп әзілдеп жатады.

Әкемнің арқасында мен білімге құштар болып, сол жанның тәрбиесімен қазіргі таңда жүзге жуық кітап оқып, түрлі жарыстарда жеңімпаз атандым. Көптеген таныстарым менің әкем секілді дәрігер болуымды армандады. Әкемде түрлі ғылыми жобаларға, жарыстарға қатыстыру үшін барын берді. Алайда менің болмысым мүлдем өзгеше екендігіне көзім жетті.

Әкеме мен дәрігер емес журналист болғым келеді дегенде, маған «Сен кім болсан да, мен сені қолдаймын қызым» - деген сөзі әлемнің жеті кереметінен де асып түсті. Осындай алтын қолдаулардан кейін, менде дәрігер болмасам да, халқыма әкем секілді адал қызмет еткен журналист боламын деп уәде беремін. Осы уақытқа дейін түсінгенім, тағдырдың маған берген ең үлкен сыйлығы - ол менің әкем!



Туған жерім- мақтанышым!

Мен үшін туған жер ол тек қана адамның дүниеге келген жері емес, ол түрлі естеліктеріне толы терапиялық әлем деп білемін. Менің ғажап естеліктерге толы сәттерім яғни туған жерім – Қазақстан!

Қазақ халқы десе, ең бірінші кеңпейілділік пен философиялық ойлар келеді. Себебі қазақ елінде 130-дай ұлт өкілдері мекен етеді одан бөлек біздің ағайын-туыс, туғандарға деген бауырмалдығымыз өте жоғары деңгейде. «Қазақ қонақ келсе қабағын шытпаған» - деген сөздің өзі қазақтың болмысын бейнелейді. Ал сол болмысты дамытуға қазақты қазақ еткен тарихи, әдеби тұлғалар...

Көне заманда ұлы даладан бастап қазақ хандығынан ары қарай алаш зиялыларымен қазақтың қайратты жастары туған жеріміз Қазақстанның туын түсірмей келеді. Мен осындай рухты, ақылды бабаларымыздың қанымен мекен еткен жерінде туғаныма қатты қуанамын. Каспий теңізінен Алтай тауына дейін, Батыс Сібір жазығынан Тянь-Шань тауларына дейін созылған, ұзындығы 3000 шақырым, ені 1600 шақырымды алып жатқан жер бедерінен 9 орындағы байтақ елміз.

Елімізде химиядағы Менделеев кестесінің көптеген элементтері кездеседі. Түрлі емдік шөптер мен байлыққа толы жерміз. Жастарға деген мүмкіндік өте жоғары! Оқимын, дамытамын, көремін дейтін қазақ азаматтары мен азаматшаларына барлық жағдай жасалған. Мемлекет үшін еңбек еткен жандарға баспана мәселесін шешетін жалдамалы тұрғын үй бағдарламалары бар. Тәуелсіздік алған жылдары басшылар шетелден инвестор әкеліп халқымызға жекеменшік кәсіппен айналысудан сауаттарын ашты қазіргі таңда жаңадан ашылған керемет жекеменшік кәсіптер жетерлік. Ал біздегі әдеби кітаптарымыз бөлек бір туынды мысалға: Қазақ жырауларының тарихи кітаптары, Алаш зиялыларының ойлары, кейінгі үздік ақын - жазушылар М.Мақатаев, М.Шаханов, Ә.Кекілбаев. Айта берсек, түрлі Ана тілімізде жарық көрген эпостор, поэма, проза, романдар мақтан тұтарлық шығармалар жетерлік. Қазіргі спорттан, білімнен, өнерден алтын медаль алып жатқан жастарымыз жетерлік! Мысалы: Қайталанбас дауыс иесі әнші әлемді бағындырған Д.Құдайберген. Елімізде мәнерлеп сырғанаудан ең алғаш алтын медаль алған Михаил Шайдоров. Иә, жастардың тізімін жалғастыра беруге болады. Елімізді танытқан жастардың өнегелі істері кейінгі – біздерге үлкен мотивация.

Міне, мен осындай жетістіктерден кейін мақтанышпен туған жерім Қазақстан екендігін айтамын. Мен де қазақ халқы үшін тарихта қалар үздік ғылым мен өнерді ұштастырар жетістікке жететініме толық сенімдімін.

КҮНТУҒАН Сүйрік,
Шымкент қаласы,
«Д.А.Қонаев мектебінің» түлегі.
Республикалық «Farabi shakirti» журналы
мен www.farabishakirti.kz
желілік басылым
сайтының Жас тілшісі



Сурет: ЖИ, жолдаған автор

Көз алдыңызға елестетіңізші: бірнеше жылдан кейін сіз армандаған университетте оқып жүрсіз, шетелдерді аралап жүрсіз, сүйікті ісіңізбен айналысып, бақытты өмір сүріп жатырсыз. Осы армандардың бәрі бір күні орындалуы мүмкін бе? Көптеген адамдар бұл сұраққа «иә» деп жауап береді және олардың арасында арман картасын жасап, мақсаттарына жеткен жандар аз емес.

Арман картасы – адамның болашақтағы мақсаттары мен армандарын бейнелейтін суреттерден, сөздерден және шабыттандыратын жазулардан құралған арнайы тақта. Кейбіреулер оны жай ғана қағаз бен суреттердің жиынтығы деп ойлайды. Алайда оның мәні әлдеқайда тереңде жатыр. Арман картасы адамның ойын белгілі бір мақсатқа бағыттап, оған күн сайын не үшін еңбек етіп жүргенін еске салып отырады.

Психологтардың пікірінше, адам көз алдына жиі елестеткен нәрсеге көбірек көңіл бөледі. Мысалы, егер сіз арман картаңызға шетелде білім алу туралы сурет ілсеңіз, уақыт өте келе тіл үйренуге, грант іздеуге немесе өзіңізді дамытуға деген ынтаңыз арта түседі. Өйткені ми сол мақсатты маңызды деп қабылдай бастайды.

Арман картасының ең үлкен артықшылығы – мотивация беруінде. Кейде адам шаршайды, кейде өзіне сенімсіздік танытады. Осындай сәттерде көз алдындағы армандар оған қайта күш береді. Ол өзінің қайда бара жатқанын және не үшін еңбек етіп жүргенін ұмытпайды.

Әрине, арман картасы сиқырлы құрал емес. Ол армандарды өздігінен орындамайды. Бірақ үлкен жетістіктердің бәрі алдымен ойда пайда болатынын ұмытпау керек. Арман картасы сол ойларды нақты мақсатқа айналдырады. Ал мақсатқа жетудің кілті – әрекет, еңбек және табандылық.

Бүгін қолыңызға ақ қағаз алып, бес жылдан кейінгі өзіңізді елестетіп көріңіз. Қандай адам болғыңыз келеді? Қай жерде оқығыңыз келеді? Қандай жетістіктерге жетуді армандайсыз? Осы армандарды суреттер мен сөздер арқылы қағазға түсіріңіз. Мүмкін дәл осы сәт сіздің болашағыңызды өзгертетін алғашқы қадам болар.

Арман картасы – жай ғана суреттер жиынтығы емес. Ол – сіздің армандарыңызға апаратын жолдың картасы. Ең бастысы, армандаудан қорықпаңыз. Себебі үлкен жетістіктердің бәрі бір кездері қарапайым арманнан басталған.

Мақалаға пайдаланылған дереккөздері:
https://www.psychologytoday.com/us
https://www.verywellmind.com/



АЛИШЕР Арайлым
Алматы облысы,
Қарасай ауданы,
«Үшқоңыр орта мектеп-гимназиясының» түлегі.
Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен www.farabishakirti.kz желілік басылым сайтының жас тілшісі



БҮГІНГІ ЖАСТАР ЖӘНЕ ӨТКЕН ҒАСЫР ЖАСТАРЫ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

Сурет, ЖИ, жолдаған автор

«Жастар – елдің ертеңі» деген сөз қай кезеңде де өз маңызын жоғалтқан емес. Әр дәуірдің жастары заман талабына сай қалыптасады. Бұрынғы жастар мен қазіргі жастардың өмір салты, көзқарасы, мүмкіндіктері әртүрлі болғанымен, олардың мақсат-мүддесі – білім алып, қоғамға пайдасын тигізу. Сондықтан екі буынды салыстыру арқылы уақыттың адам өміріне қалай әсер еткенін байқауға болады.

Білім алу мүмкіндіктері. Бұрынғы жастар білімді көбіне кітапханадан, мұғалімдерден және тәжірибелі адамдардан алатын. Ақпарат табу көп уақыт пен ізденісті қажет ететін. Ал қазіргі жастар үшін интернет, онлайн курстар және түрлі цифрлық платформалар білім алуды әлдеқайда жеңілдетті. Бір ғана смартфон арқылы әлемнің кез келген жеріндегі ақпаратқа қол жеткізуге болады.

Технологияның әсері. Бұрынғы жастар бос уақытын көбіне кітап оқып, спортпен айналысып немесе достарымен жүзбе-жүз кездесіп өткізетін. Қазіргі жастардың өмірінде әлеуметтік желілер мен заманауи технологиялардың орны ерекше. Бұл бір жағынан қарым-қатынасты жеңілдетсе, екінші жағынан уақытты тиімсіз жұмсауға да себеп болуы мүмкін.

Еңбекке көзқарас. Бұрынғы жастар еңбекқорлықты, шыдамдылықты және тұрақты жұмысты жоғары бағалаған. Олар көбіне бір мамандықты таңдап, ұзақ жылдар бойы сол салада еңбек ететін. Қазіргі жастар жаңа мүмкіндіктерді іздеп, бірнеше мамандықты қатар меңгеруге, жеке кәсіп ашуға немесе қашықтан жұмыс істеуге ұмтылады. Бұл олардың өзгерістерге тез бейімделетінін көрсетеді.

Ұқсастықтары. Айырмашылықтар болғанымен, екі буынды біріктіретін қасиеттер де аз емес. Жастардың барлығы армандайды, жетістікке жетуді қалайды, отбасына қамқор болып, өз елінің дамуына үлес қосуды мақсат етеді. Сондықтан ұрпақтар арасындағы айырмашылықтан бұрын олардың ортақ құндылықтарына назар аудару маңызды.

Қазіргі жастар мен бұрынғы жастардың айырмашылығы – ең алдымен заманның өзгеруінен туындаған құбылыс. Әр кезеңнің өз артықшылығы мен қиындығы бар. Бұрынғы жастардың еңбекқорлығы, жауапкершілігі мен сабырлылығы қазіргі жастарға үлгі болса, бүгінгі жастардың жаңашылдығы, шығармашылығы және технологияны меңгеруі қоғамның дамуына серпін береді. Екі буынның жақсы қасиеттері ұштасқанда ғана болашақтың берік іргесі қаланады.



БЕЙШЕНАЛЫ Маргиза Абылайқызы,
Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы,
Шолақ-қайыңды ауылы,
«Жамбыл орта мектебінің» түлегі.
Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен www.farabishakirti.kz желілік басылым сайтының Жас тілшісі

МЕН АРМАНДАҒАН МАМАНДЫҚ



Сурет: ЖИ, жолдаған автор

«Өмірде екі таңдаудан қателеспеу керек: бірі – жар таңдауы, екіншісі – мамандық таңдауы» деген қанатты сөз бар. Бұл сөздің астарында үлкен мән жатыр. Өйткені мамандық – адамның өмірлік жолын айқындайтын, болашағына бағыт беретін маңызды таңдау. Әр адам өз қабілетіне, қызығушылығына және жүрек қалауына сай мамандық таңдағанда ғана өз ісінің нағыз шебері атана алады. Сондықтан мен үшін де мамандық таңдау – үлкен жауапкершілік. Менің армандаған мамандығым – журналист.

Журналист – қоғамның айнасы, халықтың үні. Ол күн сайын болып жатқан оқиғаларды халыққа дер кезінде жеткізіп қана қоймай, қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеріп, әділдік пен шындықтың салтанат құруына үлес қосады. Нағыз журналист кез келген ақпаратты жан-жақты зерттеп, оның ақиқатына көз жеткізгеннен кейін ғана көпшілікке ұсынады. Сондықтан бұл мамандық тек білімді ғана емес, батылдықты, жауапкершілікті және адалдықты талап етеді.

Мен бұл мамандықты кездейсоқ таңдаған жоқпын. Бала кезімнен кітап оқуды, жаңалықтарды тыңдауды, адамдардың өмірі мен тағдыры туралы әңгімелерді қызығып оқуды ұнататынмын. Мектептегі түрлі іс-шараларға қатысып, өз ойымды еркін жеткізуге, көпшілік алдында сөйлеуге тырысамын. Осындай қызығушылықтарым мені журналистика әлеміне жақындата түсті. Болашақта халыққа пайдалы ақпарат ұсынып, маңызды мәселелерді көтеретін, өз кәсібіне адал журналист болғым келеді.

Қазіргі таңда ақпараттың таралу жылдамдығы өте жоғары. Әлеуметтік желілер мен интернеттің дамуы адамдарға жаңалықты жылдам жеткізуге мүмкіндік бергенімен, кейде жалған ақпараттың да таралуына себеп болады. Осындай жағдайда кәсіби журналистердің жауапкершілігі арта түседі. Олар әрбір ақпараттың шынайылығын тексеріп, халыққа нақты деректерді ұсынуы керек. Мен де болашақта әділдік пен шындықты басты қағида етіп, қоғамның сеніміне ие болатын журналист атануды армандаймын.

Журналистің ең басты қаруы – оның сөзі. Дұрыс қолданылған сөз адамдардың ойына әсер етіп, қоғамдағы өзгерістерге себеп болуы мүмкін. Сондықтан журналист сауатты, мәдениетті, жан-жақты білімді және үнемі ізденісте болуы қажет. Мен қазірден бастап көп кітап оқып, түрлі мақалалармен танысып, жаңалықтарды бақылап, жазу шеберлігімді дамытуға күш салып жүрмін. Себебі үлкен жетістікке жетудің негізі – үздіксіз еңбек пен білім.

Болашақта мен ел ішінде ғана емес, халықаралық деңгейде де танылатын журналист болғым келеді. Әлемдегі маңызды оқиғаларды халыққа шынайы жеткізіп, еліміздің жетістіктерін насихаттап, қоғамның дамуына өз үлесімді қосқым келеді. Журналист болу – мен үшін жай ғана мамандық емес, үлкен жауапкершілік пен халыққа қызмет етудің бір жолы.

Қорытындылай келе, әр адамның өмірінде өз орнын табуы – дұрыс мамандық таңдаудан басталады. Өз ісін сүйген адам ғана үлкен жетістіктерге жетіп, еліне пайдасын тигізе алады. Менің ең үлкен мақсатым – адалдықты ту еткен, халықтың сеніміне ие болған, әділдік үшін қызмет ететін кәсіби журналист болу. Сол арманымның орындалуы үшін бүгіннен бастап білім алып, өзімді жан-жақты дамытып, талмай еңбектенуге дайынмын.

«Армансыз адам – қанатсыз құспен тең» дейді дана халқымыз. Мен де өз арманыма берік болып, қажырлы еңбек пен үздіксіз ізденістің арқасында болашақта елімнің мақтан тұтар журналистерінің бірі боламын деп сенемін.



ҚАНАТҚЫЗЫ Нұрайым,
«№58 Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектептің» түлегі.
Түркістан облысы,
Келес ауданы.
Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен www.farabishakirti.kz желілік басылым сайтының Жас тілшісі

МЕКТЕП ӨМІРІ МЕН УНИВЕРСИТЕТ ӨМІРІ




Сурет: ЖИ, жолдаған автор

Адам өміріндегі ең маңызды кезеңдердің бірі – білім алу жолы. Бұл жол мектептен басталып, көп жағдайда университетте жалғасады. Мектеп пен университет өмірінің өзіндік ерекшеліктері бар, сондықтан олардың қайсысы жеңіл екенін нақты айту қиын.

Мектепте оқушылар белгілі бір тәртіп бойынша білім алады. Сабақ кестесі, үй тапсырмалары және түрлі іс-шаралар мұғалімдердің бақылауымен ұйымдастырылады. Оқушылар күн сайын жаңа білім алып, сыныптастарымен қарым-қатынас жасайды. Сонымен қатар, мектеп оқушылардың тұлға болып қалыптасуына үлкен әсер етеді.

Ал университетте студенттерге көбірек еркіндік беріледі. Олар өз уақытын өздері жоспарлап, оқу процесіне жауапкершілікпен қарауы қажет. Университетте болашақ мамандыққа байланысты терең білім беріліп, студенттердің кәсіби дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасалады. Сондай-ақ, жаңа орта мен жаңа таныстықтар адамның тәжірибесін арттырады.



Мектеп пен университет өмірінің ортақ мақсаты – білім беру және тұлғаны дамыту. Екі кезең де адамның болашағына әсер ететін маңызды сатылар болып табылады. Мектепте негізгі білім мен тәрбие берілсе, университетте кәсіби білім мен өмірлік тәжірибе қалыптасады.

Сондықтан мектеп өмірі де, университет өмірі де өзінше маңызды. Әр кезеңнің өзіндік қызығы мен жауапкершілігі бар. Ең бастысы – берілген мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, білім алуға ұмтылу.

Сурет: ЖИ, жолдаған автор

Қазіргі таңда білім алу әрбір жас үшін өте маңызды. Себебі білімді адам ғана болашақта жақсы маман болып, қоғамға пайдасын тигізе алады. Сондықтан жастар білімге ерекше көңіл бөлуі керек.

Бүгінде жастардың білім алуына барлық жағдай жасалған. Мектептерде сапалы білім беріліп, интернет арқылы қосымша ақпарат алуға мүмкіндік бар. Оқушылар түрлі олимпиадаларға, байқауларға қатысып, өз білімдерін шыңдай алады.

Білім адамның дүниетанымын кеңейтеді. Көп оқып, ізденген адам өмірде өз орнын таба алады. Сонымен қатар, білімді жастар еліміздің дамуына үлес қосып, болашақта білікті маман атанады.

Дегенмен, білім алу үшін тек мүмкіндік қана емес, ынта мен еңбек те қажет. Сабақты жақсы оқып, уақытты тиімді пайдалану әр оқушының міндеті. Еңбекқор адам ғана өз мақсатына жете алады.

Жастар – еліміздің болашағы. Сондықтан біз қазірден бастап білім алып, өзімізді дамытуымыз керек. Білімді ұрпақ – елдің жарқын болашағының кепілі.



СЕРІК Аяулым
Жамбыл облысы,
Меркі ауданы,
Меркі ауылы,
«№44 жалпы білім беретін мектеп-гимназияның» түлегі.
Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен www.farabishakirti.kz желілік басылым сайтының Жас тілшісі



Мектепке дейінгі білім беру жүйесі

Сурет:ЖИ, жолдаған автор

Бала тәрбиесі - ұлт болашағын қалыптастыратын маңызды міндеттердің бірі. Осы тұрғыдан алғанда мектепке дейінгі білім беру жүйесінің рөлі ерекше. Өйткені адамның тұлға ретінде қалыптасуының алғашқы кезеңі дәл осы балабақша қабырғасынан басталады. Баланың дүниетанымы, қарым-қатынас мәдениеті, танымдық қабілеті мен шығармашылық қасиеттері мектепке дейінгі кезеңде қарқынды дамиды.

Ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, адам миының даму қарқынының басым бөлігі өмірінің алғашқы бес-алты жылында қалыптасады. Осы кезеңде бала қоршаған ортаны танып, сөйлеуді, ойлауды және өзгелермен қарым-қатынас жасауды үйренеді. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие мен білім баланың келешек өміріне тікелей әсер етеді. Бүгінде дамыған елдердің тәжірибесі де ерте жастағы білім беруге инвестиция салудың тиімді екенін көрсетіп отыр.

Балабақша - тек баланы мектепке дайындайтын мекеме ғана емес, оның әлеуметтік ортаға бейімделуіне ықпал ететін маңызды тәрбие ошағы. Мұнда балалар құрдастарымен қарым-қатынас жасауды, ұжымда жұмыс істеуді, өз ойын еркін жеткізуді үйренеді. Сонымен қатар тәрбиешілердің көмегімен шығармашылыққа, еңбекқорлыққа және жауапкершілікке баулынады.

Өмірлік тәжірибеде де мектепке дейінгі білімнің пайдасы айқын байқалады. Мысалы, балабақшаға барған балалардың көпшілігі мектептің алғашқы күндерінен-ақ сабаққа тез бейімделіп, жаңа ортада өзін еркін ұстайды. Олар топпен жұмыс істеуге, мұғалімнің тапсырмаларын орындауға және сыныптастарымен тіл табысуға дайын болып келеді. Ал мектепке дейінгі дайындықтан өтпеген балалардың жаңа ортаға бейімделуі кейде ұзаққа созылуы мүмкін.



Қазіргі таңда елімізде мектепке дейінгі білім беру саласын жетілдіруге ерекше көңіл бөлінуде. Жаңа балабақшалар ашылып, оқыту бағдарламалары жаңартылып, балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасалуда. Сонымен қатар ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау бағытында да маңызды жұмыстар жүргізілуде. Бұл білім беру жүйесінің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Дегенмен салада шешімін күткен мәселелер де жоқ емес. Кейбір өңірлерде балабақша орындарының жетіспеушілігі, материалдық-техникалық базаны жаңарту қажеттілігі және білікті мамандар тапшылығы байқалады. Мұндай мәселелерді шешу мектепке дейінгі білім беру сапасын одан әрі арттыруға жол ашады.

Мектепке дейінгі білім беру тек оқу мен тәрбиені ғана емес, ұлттық құндылықтарды бойға сіңіруді де көздейді. Балалар балабақшада мемлекеттік тілді меңгеріп, халық ертегілерімен, ұлттық ойындармен және салт-дәстүрлермен танысады. Бұл олардың туған елінің мәдениетін құрметтеп өсуіне ықпал етеді.

Қорытындылай келе, мектепке дейінгі білім беру - сапалы білім мен саналы тәрбиенің бастауы. Баланың бойындағы қабілетті ашып, оның жан-жақты дамуына жағдай жасау арқылы ғана болашақ ұрпақтың бәсекеге қабілетті болуына жол ашамыз. Бүгінгі балабақшадағы бүлдіршін - ертеңгі ел тізгінін ұстайтын азамат.

НҰРМАШ Нұрай,
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы,
Қожабақы ауылы
«№25 орта мектептің» түлегі.
Республикалық
«Farabi shakirti» журналы
мен www.farabishakirti.kz
желілік басылым
сайтының Жас тілшісі

Қатерлі ісік жайлы мағлұматыңыз бар ма?



Сурет: ЖИ, жолдаған автор

Қазіргі таңда қатерлі ісік - рак ауруы әлемдегі ең өзекті денсаулық сақтау мәселелерінің бірі болып отыр. Жыл сайын миллиондаған адам осы дертке шалдығып, оның салдарынан өмірден өтеді. Сондықтан рак туралы ақпараттану және оның алдын алу жолдарын білу өте маңызды. Рак (қатерлі ісік) – ағзадағы жасушалардың бақылаусыз бөлініп, шектен тыс көбеюінен туындайтын ауру. Жүрек-қан тамырлары ауруларынан кейін қатерлі ісіктер өлім-жітім себептері бойынша екінші орында тұр.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, бұл ауру адам өміріне аса қауіпті дерттердің бірі болып саналады. Әлемдегі барлық өлім-жітімнің шамамен 15 пайызы қатерлі ісікке байланысты. Қатерлі ісікті медицинада бір ғана ауру емес, дене жасушаларының әдеттен тыс көбейіп, ісік түзетін жағдайларының тұтас тобы ретінде қарастырады. Бұл ісіктер әртүрлі ағзаларда пайда болып, қан айналымы арқылы бүкіл денеге таралуы мүмкін.

2022 жылы әлемде қатерлі ісіктің 20 миллион жаңа жағдайы тіркеліп, осы аурудан 9,7 миллион адам қайтыс болды. Сонымен қатар, шамамен 53,5 миллион адам диагноз қойылғаннан кейін бес жылдан астам өмір сүрген. Статистикаға сүйенсек, әрбір бесінші адам өмір бойы қатерлі ісікке шалдығады, ал әрбір тоғызыншы ер адам мен әрбір он екінші әйел осы аурудан қайтыс болады.

Қазіргі таңда қатерлі ісіктің 100-ден астам түрі белгілі. Ең жиі кездесетін түрлері:

- Сүт безі рагы;
- Өкпе рагы;
- Простата рагы;
- Асқазан және ішек рагы;
- Бас және мойын рагы;
- Жұмыртқа безі, жатыр мойны және жатыр рагы.

Рак ауруының белгілері әртүрлі болады. Олардың қатарына:

- Қалыпты емес қан кету;
- Сүт безінде немесе дененің басқа бөліктерінде ісіктің пайда болуы;
- Жазылмайтын жаралар;
- Ауыз қуысындағы ұзақ уақыт жазылмайтын жаралар;
- Ерін мен ауыз ішіндегі ақ немесе қызыл дақтар;
- Ұзақ уақытқа созылған дауыстың қарлығуы немесе жөтел;
- Қанды немесе жағымсыз иісті қақырық;
- Жұтынудың қиындауы немесе ас қорыту жүйесіндегі мәселелер;
- Терідегі меңдердің немесе сүйелдердің үлкеюі, түсінің өзгеруі және қан кетуі жатады.



Рактың пайда болуына әсер ететін көптеген себептер бар. Отбасылық және генетикалық факторлардан бөлек, адамның өмір салты мен қоршаған орта да үлкен рөл атқарады. Темекі шегу, алкогольді шамадан тыс тұтыну, күн сәулесінің әсеріне ұзақ уақыт ұшырау және дұрыс тамақтанбау қатерлі ісіктің даму қаупін арттырады. Сонымен қатар, жоғары мөлшердегі рентген сәулесінің әсері, химиялық заттар, вирустар (гепатит В, гепатит С, адам папилломавирусы), ауа ластануы, қозғалыстың аздығы және радиация да рак ауруының пайда болуына ықпал етуі мүмкін.

Рактың емдеудің бірнеше жолы бар. Олардың қатарына:

- Хирургиялық ем – қатерлі ісік жасушаларын операция арқылы алып тастау;
- Химиотерапия – ісік жасушаларының өсуін тежейтін дәрілік препараттарды қолдану;
- Сәулелік терапия (радиотерапия) – қатерлі ісік жасушаларын жоғары дозалы сәулемен жою;
- Таргетті терапия – ісік жасушаларының дамуына қатысатын нақты гендер мен ақуыздарды нысанаға алатын заманауи емдеу әдісі.

Рактың барлық түрінің алдын алу мүмкін болмаса да, оның даму қаупін азайтуға болады. Ол үшін:

*Темекі шегуден бас тарту;
*Алкогольді шамадан тыс пайдаланбау;
*Дұрыс және теңгерімді тамақтану;
*Тұрақты түрде дене белсенділігімен айналысу;
*Артық салмақтан сақтану;
*Күн сәулесінің зиянды әсерінен қорғану;
*Дәрігерлік тексеруден уақытылы өтіп тұру;
*Вакцинацияның қолжетімді түрлерін пайдалану қажет.

Қорытындылай келе, рак – адам өміріне қауіп төндіретін күрделі дерт. Алайда медицина ғылымының дамуы бұл ауруды ерте анықтап, тиімді емдеуге мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан әр адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, профилактикалық тексерулерден уақытылы өтіп тұрғаны жөн.

САҒАТОВА Нұрина,
Абай облысы, Семей қаласы,
«№50 IT-лицей мектебінің»
11 – сынып оқушысы.
Республикалық «Farabi shakirti»
журналы мен www.farabishakirti.kz
желілік басылым сайтының
Жас тілшісі



БІЛІМ – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ ІРГЕТАСЫ

Сурет: ЖИ, жолдаған автор

«Білімді мыңды жығар» дейді дана халқымыз. Шын мәнінде, қай қоғамда да өркендеудің бастауы – білімде. Бүгінгі цифрлы дәуір, жаһандық бәсеке, ақпарат тасқыны – білім сапасына жаңа талаптар қояды. Білім беру тек оқыту емес, ол – ұлттың сана-сезімін, мәдениетін, ойлау деңгейін қалыптастыратын іргелі жүйе.

Қазіргі таңда білім беру саласы үлкен бетбұрыс алдында тұр. Бірақ ол реформалар ел болашағына қызмет ете ме, жоқ па – бұл сұрақ әлі де ашық күйінде. Білім – ұлтты алға сүйрейтін қозғаушы күш. Дамыған елдердің тарихына көз жүгіртсек, олардың жетістігі ең алдымен білім беру жүйесінің мықтылығында екенін байқаймыз. Финляндия, Жапония, Оңтүстік Корея сынды елдерде ұстаз мәртебесі – қоғамдағы ең биік дәрежелердің бірі. Өйткені олар түсінеді: сапалы білім – болашаққа жасалған ең тиімді инвестиция. Ал біздің елде білім саласы түрлі реформалар мен өзгерістерге толы. ҰБТ, үштілділік, жаңартылған бағдарлама, цифрлы күнделік… Бірақ бұл өзгерістер оқушы мен мұғалім үшін шынайы тиімді ме?

Бүгінгі мектеп – теорияға толы, бірақ өмірге бейімделмеген білімнің мекені сияқты. Оқушы көп біледі, бірақ сол білімді қайда, қалай қолданарын білмейді. Мұғалім қағазбен тұншығып, шығармашылыққа уақыт таппайды. Ал ата-ана баласының орнына бағасына алаңдайды.

Білім беру – тек пән үйрету емес, ол – тұлға тәрбиелеу. Сондықтан жаңа жүйе баланың тек академиялық қабілетін емес, эмоциялық интеллектін, шығармашылығын, ынтымақтастық дағдысын дамытуы керек. Білім – тек мектеп партасында қалатын ұғым емес. Ол – әр адамның өмір бойы алып жүретін рухани жүгінің бір бөлігі. Қазіргі таңда біз білімге ұмтылған ел болғымыз келсе, ең алдымен мұғалімге жағдай жасауымыз керек.

Мен өз болашағымды осы елде көремін. Бірақ сол болашақ сенімді болуы үшін, бүгінгі білім жүйесі – маған сенім артып, менің қызығушылығыма жауап бере алуы тиіс.

Білім жүйесі жаңармай, ұлт жаңармайды. Жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі қоғамның ең басты миссиясы.

ЖУРНАЛИСТ МАМАНДЫҒЫН ТАҢДАҒАН ЖАСТАР КӨБЕЙДІ – НЕ СЕБЕП?

Соңғы жылдары жастар арасында журналистика мамандығына деген қызығушылық күрт артты. Әлеуметтік желілердің қарқынды дамуы, медиа саласындағы еркіндік пен шынайылыққа деген сұраныс – бәрі жасөспірімдерді ақпарат саласына жетелеп отыр. Енді бұрынғыдай заңгер немесе экономист болуды армандау сирек. Қазіргі оқушы – қоғамдағы шындықты айтып, шынайы өзгеріс жасағысы келетін зерттеуші. Неге бұлай болды?

Журналистика – тек ақпарат жеткізу емес, ол – жауапкершілік. Бүгінде TikTok, Instagram сияқты платформаларда жастар өз ойларын ашық айтып, көрермен жинай алады. Бірақ осы ортада кәсіби көзқарас пен терең зерттеуге сұраныс артты. Жас буын бұл саланы таңдау арқылы өзін де, қоғамды да дамытуға үлес қоспақ.

Мектеп оқушылары арасында жүргізілген сауалнамаға сәйкес, 10-11 сынып оқушыларының 28 пайызы журналист болғысы келетінін айтқан (дереккөз: «JasMedia» ұйымы, 2025 ж.). Олардың басым бөлігі «шындықты айту», «жалған ақпаратпен күресу», «еркін ой білдіру» сияқты себептерді алға тартқан. Сонымен қатар, көптеген жастар жаңа медианың арқасында өзін еркін сезінеді. Подкасттар, блогтар, YouTube арналар – бұлар журналистиканың жаңа формалары. Олар тек кәсіби БАҚ қана емес, қарапайым жастардың да медиакеңістікке араласуына жол ашты.

Алайда журналист болу оңай емес. Ақпаратты тексеру, фактіге сүйену, объективті болу – бұл қасиеттерді тек тәжірибе мен білім арқылы қалыптастыруға болады. Осыған байланысты елімізде журналистикаға бағытталған жазғы мектептер, медиа клубтар мен олимпиадалар көбейіп келеді. Бұл – болашақ мамандардың сапасын арттыруға жасалған қадам.

Қорытынды: Журналистикаға бет бұрған жастар – бұл қоғамның сергек ойлы, әділдік іздеген буыны. Олар – тек оқиғаны сипаттап қана қоймай, мәселені шешуге атсалысатын жаңа толқын. Егер осы қызығушық кәсіби біліммен ұштасса, ертеңгі қазақ журналистикасы – батыл, шыншыл және білікті болары сөзсіз.



ОРАЗАНБЕК Толғанай
Дәулетқызы,
Алматы облысы, Іле ауданы,
«№24 лицей мектебінің» түлегі.
Республикалық
«Farabi shakirti» журналы мен www.farabishakirti.kz желілік басылым сайтының Жас тілшісі



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТЕН БАСТАЛАТЫН ӨЗГЕРІС

Сурет: ЖИ, жолдаған автор

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғауға бағытталған бастамаларға ерекше көңіл бөлініп келеді. Соның бірі – «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы. Бұл бастама нені көздейді? Неліктен әр азаматтың қатысуы маңызды?

«Таза Қазақстан» – көшелерді немесе саябақтарды тазалау ғана емес, қоғамның табиғатқа деген жауапкершілігін арттыруға бағытталған ұзақ мерзімді бастама. Акция аясында сенбіліктер ұйымдастырылып, ағаштар отырғызылып, өзен-көлдердің жағалауы тазартылып келеді.

Қазақстанда жыл сайын 4,5 млн тоннадан астам коммуналдық қалдық жиналады. Оның тек шамамен 25–30 пайызы ғана қайта өңдеуге жіберіледі. Бұл көрсеткіш экологиялық мәдениетті одан әрі дамыту қажеттігін көрсетеді.

Экологтардың айтуынша, табиғатты қорғау үлкен жобалардан емес, қарапайым әдеттерден басталады. Қоқысты арнайы орынға тастау, пластикті аз пайдалану, су мен электр энергиясын үнемдеу – әр адамның қоршаған ортаға қосатын нақты үлесі.

Соңғы жылдары Қазақстанда экологиялық қауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аударылуда. Осы бағытта қолға алынған «Таза Қазақстан» бағдарламасы азаматтарды табиғатты аялауға, қоғамдық орындардың тазалығын сақтауға және экологиялық жауапкершілікті күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналдыруға бағытталған. Бастамаға еріктілер, жастар және түрлі ұйымдар белсенді қатысып келеді.

Таза ел – әр адамның жауапкершілігінен басталады. Егер әрбір азамат табиғатты қорғауды өзінің күнделікті міндеті деп қабылдаса, «Таза Қазақстан» тек акция емес, қоғамның тұрақты өмір салтына айналады. Экологиялық мәдениет – бүгінгі ұқыптылықтың ғана емес, келешек ұрпаққа қалатын ең құнды мұраның бірі.



Экологиялық мәдениет – болашаққа жасалған инвестиция

Сурет: ЖИ, жолдаған автор

Климаттың өзгеруі, ауаның ластануы мен тұрмыстық қалдықтардың көбеюі экологиялық мәдениетті қалыптастырудың маңызын арттырды. Бүгінде қоршаған ортаны қорғау неге маңызды? Әр адамның әрекеті табиғатқа қаншалықты әсер етеді?

Экологиялық мәдениет – табиғатқа жанашырлықпен қарап, ресурстарды ұтымды пайдалану және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған күнделікті әрекеттер жиынтығы. Қарапайым қадамдардың өзі үлкен өзгеріске бастайды: қоқысты сұрыптау, пластикті аз қолдану, су мен электр энергиясын үнемдеу, ағаш отырғызу. БҰҰ дерегіне сәйкес, жыл сайын әлемде 2 млрд тоннадан астам тұрмыстық қатты қалдық түзіледі. Ал Дүниежүзілік банк 2050 жылға қарай бұл көрсеткіш 3,4 млрд тоннаға дейін жетуі мүмкін екенін болжайды. Бұл табиғатты қорғау шараларын күшейтудің қажеттілігін көрсетеді. Қазақстанда да экологиялық бастамаларға қызығушылық артып келеді. Сенбіліктер, ағаш отырғызу акциялары



және қалдықтарды қайта өңдеу жобалары көбейіп келеді. Дегенмен, экологиялық мәдениетті бір реттік шара ретінде емес, күнделікті өмір салтына айналдыру маңызды.

Соңғы жылдары экологиялық мәселелер әлемдік деңгейде күн тәртібінен түскен жоқ. Климаттың өзгеруі, табиғи ресурстардың азаюы және қоршаған ортаның ластануы көптеген елдерді «жасыл» экономикаға көшуге итермеледі. Қазақстанда да экологиялық сауаттылықты арттыруға бағытталған бағдарламалар мен қоғамдық бастамалар жүзеге асырылуда. Экологиялық мәдениет – табиғатты қорғаудың ғана емес, келер ұрпақтың қауіпсіз әрі сапалы өміріне салынған инвестиция. Әр азамат қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарап, күнделікті өмірінде экологиялық әдеттерді қалыптастырса, табиғатты сақтауға нақты үлес қоса алады.

АСҚАР Сезім Жұмағалиқызы,
Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Дербісек елді мекені, «№22 Елшібек батыр атындағы» ЖББМ түлегі. Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен www.farabishakirti.kz желілік басылым сайтының Жас тілшісі

"Шырғанақ"
Дереккөзі: "Уикипедия" ашық энцеклопедиясы



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

«Қазпошта» АҚ облыстық, аудандық бөлімшелері арқылы 2026 жылға Республикалық Farabi shakirti журналының электрондық нұсқасына жазылу бағасы:

1. Заңды тұлғаларға: 6 айға – 3618,36;

2. Қала, ауыл-село бойынша: 6 айға – 3344,40.